




БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЕСІРТКІ ҚАУПІНЕ ҚАРСЫ
ЖОСПАР ТҮЗІЛДІ



Қазақстанда есірткімен күрес мәселесі енді тек қылмыстық статистика аясында қаралмайды. Бұған Қазақстан Республикасында 2026–2028 жылдарға арналған нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі кешенді жоспардың қабылдануы дәлел.

(Жалғасы 3-бетте)



КЕЛБЕТ

АСЫЛ ТУҒАН АДАМНЫҢ
АЛТЫН ЖЕТПЕС НАРҚЫ БАР

«Асыл туған адамның
Алтын жетпес нарқы бар.
Жақсы менен жаманның

Аспан мен жердей нарқы бар», – деген екен данышпан бабаларымыз. Расында, жақсының жүрген жері абат. Сондықтан көптің бәрі жақсыға құштар, жақсының жанында жүруге, жақсы лепесін тыңдауға үйір. Осындай жанымызда жүріп ағалық қамқорлығын аямаған, әріптестік көмегін іріктеген сот саласындағы іргелі, ірі тұлғаның бірі – Әділ Жамбасбайұлы Құрықбаев екені шындық.

Табиғаты көркем Алматы облысының Райымбек ауданындағы Сарыбастау ауылынан түлеп ұшқан Әділ Жамбасбайұлының жаны да туған ауылындай жазиралы, жайсаң. Хантәңірінің баурайында түлеп, қазақы дәстүр үзілмеген қарапайым ауылда қанатын қатайтқан Құрықбаевты айналасындағылар білгені көп, көңілге түйгені терең, жаңашылдыққа құштар, біліктілігі жоғары кәсіби маман деп біледі. Мұндай кәсіби шеберлік тәжірибенің, еңбекқорлық пен кең көлемді ізденістің жемісі екені түсінікті.

Жоғарғы Соттың отставкадағы судьясы Әділ Құрықбаевтың жүріп өткен еңбек жолы, судьялық қызметтегі өсу баспалдағы көпке үлгі боларлықтай. Сарыбастаудағы орта мектепті 1973 жылы бітірген талапты жан заңгер кадрларды дайындаудың қара шаңырағы саналатын Қазақ ұлттық университетінің түлегі. Осы оқу ордасының Заң факультетінде білім-білігін жетілдірген Әділ ағамыз алғашқы еңбек жолын Қостанай облысында судья қызметінен бастады. Он жыл Қостанайдың қалалық және облыстық сотында тынымсыз еңбек етіп, тәжірибесін шындаған ол кейіннен Алматы облысы, Іле аудандық сотының төрағасы болып тағайындалып, бұл қызметті де абыроймен атқарды.

Төраға ретінде ұжымды ұйыстыра білетін ерекше қабілетімен, жаңа бастамаларды жүрексізбей қолға алатын реформашылдығымен көпшіліктің



есінде қалды. Сонымен бірге жергілікті халық аудандық сот төрағасының құқықтық сауаттылығына, азаматтарды тыңдай білетін сабырлылығына, әр істі жан-жақты қарап, зерделей білетін тиянақтылығына, ең бастысы, көпшілікті жатырқамай, жатсынбай жақын тартатын, жол көрсетуге барын салатын жанашырлығына риза болатын еді.

Бұдан кейін Алматы қалалық сотында судья болған Әділ Жамбасбайұлы әріптестері әрбір істі ыждағаттылықпен таразылап, тура төрелік ететін, сонымен қоса, әріптестеріне сыйлы, айналасына беделді маман деп біледі.

Осындай өз кәсібіне шын берілген, жүрек қалауымен қызмет еткен, саланың жұмысын жандандыруға бар күш-жігерін салып келе жатқан Құрықбаевтай қырағы қазының сот жүйесіндегі еңбек жолының Жоғарғы Сотта жалғасуы әділ де орынды емес пе?

(Жалғасы 2-бетте)



БАСТАМА

Міндетті автосақтандыру полисі аясында жол-көлік оқиғаларын жеңілдетілген тәртіппен рәсімдеуге арналған, СТКБҚ (Сақтандыру төлемдеріне көпідік беру қоры) бастамасымен өзірленген цифрлық қосымша – Еурохаттама тетігі Қазақстанда үшінші жыл қатарынан құлмыс істеп келеді. Оның басты мақсаты жол-көлік оқиғаларын жедел рәсімдеу және сақтандыру төлемін қысқа мерзімде алу. Еурохаттама арқылы рәсімдеу небәрі 15–20 минутты алады, ал сақтандыру төлемі онлайн өтінім берілгеннен кейін 5 жұмыс күні ішінде жәбірленушінің шотына аударылады.

САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН
АЛУ ЖЕҢІЛДЕДІ

Еурохаттаманың алғашқы екі жылдық жұмысы барысында 42 мың қазақстандық жүргізуші жол-көлік оқиғаларын полиция мен сотты шақырмай-ақ рәсімдей алды. Бұл тетік Астана, Шымкент қалалары мен Ақтөбе облысының жүргізушілері арасында кеңінен қолданылады. «Freedom Insurance» СК» АҚ басқарма төрағасы Азамат Керімбаевтың айтуынша, адамдар жол-көлік оқиғасын өз бетінше рәсімдеп, 5 жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін ала алады, ал кей жағдайларда одан да жылдам. Қазіргі таңда жеңілдетілген тәртіппен жол-көлік оқиғасын рәсімдейтін клиенттердің 30 пайызға жуығы төлемді 2 күн ішінде алып отыр.

«Бұл өсімге жол-көлік оқиғаларын жедел рәсімдеуге арналған DTP.kz әзірлемеміздің жұмыс істеуі де әсер етіп отыр. Сонымен қатар басқа сақтандыру компанияларында сақтандырылған жүргізушілер де SuperApp қосымшасы арқылы DTP.kz платформасында өтінім бере алады. Бұл сақтандырушыларға да, жол полициясына да түсетін жүктемені бірнеше есе азайтады», – дейді Азамат Керімбаев.

«Freedom Insurance» СК» АҚ басқарма төрағасының сөзіне қарағанда, жаңа автотөлемдерде қосалқы бөлшектер қымбат, ал жөндеу шығыны да жоғары. Егер жүргізуші залал көлемі 100 АЕК-тен асатынын түсінсе, ол стандартты тәртіппен рәсімдеуге мәжбүр. Ал



2-БЕТ

Мемлекеттік сатып
алудағы жосықсыз
қатысушылар тізімі
қалай жасалады?



4-БЕТ

Жедел басқару
орталығы –
полицияның «көзі мен
үйлестірушісі»



8-БЕТ

Банкирдің өлімі

КЕЛБЕТ

АСЫЛ ТУҒАН АДАМНЫҢ АЛТЫН ЖЕТПЕС НАРҚЫ БАР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Содан болар Әділ Жамбасбай-ұлының Жоғарғы Сот судьясы болып тағайындалуын заңдылықтай қабылдап, ізгі тілегін жеткізген азаматтар аз болмады.

Еліміздегі ең беделді, ең биік құрылымның бірі саналатын Жоғарғы Сотта төрелік етіп жүріп те Әділ Жамбасбайұлы өзінің бекзат болмысынан, қарапайым қалыбынан айныған жоқ. Жұмысы қауырт, қызметі жауапты болғанына қарамастан ардагер судьялардың ой-пікірін тыңдап, көмек күткен жастарға жол көрсетіп, бағыт-бағдар нұсқаудан жаңылмады. Құрықбаевты жас судьялардың жақын тұтып, ұстаз санайтыны да сондықтан.

«Биікке шықсаң көзің ашылады, жақсымен сөйлессең көңілің ашылады» дейді қазақ. Жақсының даралығы ешкімді жат екен деп шетке қақпайтындында, айналасын алалап өзіне тартпайтынында болса керек. Бірлікті бекем, ынтымақты берік ұстап, елді бір мақсатқа ұйытып отырған да осындай жандар. Мұндай қасиетті Әділ Құрықбаевтан да байқау қиын емес.

Жас судьялардың жылт еткен жетістігін көрсе жақсы лебізін білдіріп, басылым беттерінде жарияланған ұсыныс-пікірлеріне де үнемі назар аударып, үн қосып отыратыны ардагер-судьяның ізінен ерген жас буынға деген қамқорлығының белгісі іспеттес.

Жауаптылығы мен жүктемесі үлкен жұмыста жүріп те Әділ ағамыз әріптестеріне көмек беруде, тәжірибесімен бөлісіп, жол көрсетуде әрдайым белсенді болды. Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен тығыз байланыста жұмыс істеп, заңдық, құқықтық мәселелермен қатар, елдік, ұлттық мүддеге байланысты түйткілдерді ашық айтатын, бүгегектемей батыл пікір білдіретін ағамыздың сауаттылығына, кемшілікке төзбейтін сергектігіне, ерекше ойлап, ұсыныс айтатын қабілетіне танданбау мүмкін емес. Өсіресе, құқықтық саланы жаңғырту, заңнамалардың сапасын көтеру, отандық соттың жұмысын жандандыру бойынша мәселе көтерілгенде, көкейіндегі ойын ірікпей айтып, өзі қызмет етіп жүрген салаға шын жаны ашитын маман ретінде бірден көзге түсетін еді.

Әділ Құрықбаевтың аты қазақ заң тарихында алқабилер институтын енгізуімен де ерекше аталады. Расында да, Құрықбаев Қазақстандағы «Алқабилер сотының атасы», Ол 2009 жылы қабылданған «Алқабилер туралы» заңның басы-қасында тұрған бірегей маман. Ал заң дайындаудың, жаңа реформаға негіз болар тың жобаларды жүзеге асырудың күрделі де жауапты екені көпке белгілі. Мемлекеттің заң, құқықтық саласына серпін берер мұндай маңызды реформа бойынша ізденіс жасау міндетінің Әділ Құрықбаевқа жүктелуі тегін емес. Мұның өзі Жоғарғы Сот басшылығының Әділ Жамбасбайұлының біліміне, кәсіби шеберлігіне сенгенін

көрсетеді. Әрі жаңашыл Құрықбаевтың зор жауаптылығы мен еңбекқорлығы да таңдауға негіз болғаны талассыз.

Алқабилер институты қандай болуы керек? Алқабилер сотының қай моделі халыққа жақын, біздің елдің менталитетіне сай? Жаңа бастама бойынша ізденіс барысында осы секілді көптеген сауалдарға жауап іздеуге, озық елдердің тәжірибесін зерделеп, білікті заңгерлер мен тәжірибелі мамандардың ақыл-кеңесін, пікір-ұсыныстарын тыңдауға тура келеді. Сонымен бірге алқабилер сотына байланысты түрлі ұсыныстар көпшілік талқысына салынып, бірнеше конференцияның өткені заңгерлер мен судьялар қауымына жақсы таныс. Осы кезде газет-журнал беттерінде жаңа институттың маңызын, мақсатын, міндеттерін түсіндіру бойынша өте ауқымды ақпараттық-насихат жұмыстары жүргізілді. Және сол іргелі істердің басында да ардагер судьяның тұрғаны ешкімге жасырын емес. Мұны тіпті сол жылдардағы басылым беттерін парқаған көзіқарақты оқырманның бәрі білсе керек.

Айталық «Нұр-Астана» газетінің тілшісі Ғабдул-Ғазиз Есембаевқа берген сұхбатында Әділ Жамбасбайұлы алқабилер институты туралы кең көлемді мағлұмат берген. «Жоғарғы Сот алқабилер деген ұғымды енгізгенде Мәжілістен ұсынысымыз өтті де,

Әділ Құрықбаевтың, аты қазақ заң тарихында алқабилер институтын енгізуімен де ерекше аталады. Расында да, Құрықбаев Қазақстандағы «Алқабилер сотының атасы», Ол 2009 жылы қабылданған «Алқабилер туралы» заңның басы-қасында тұрған бірегей маман. Ал заң дайындаудың, жаңа реформаға негіз болар тың жобаларды жүзеге асырудың күрделі де жауапты екені көпке белгілі. Мемлекеттің заң, құқықтық саласына серпін берер мұндай маңызды реформа бойынша ізденіс жасау міндетінің, Әділ Құрықбаевқа жүктелуі тегін емес. Мұның өзі Жоғарғы Сот басшылығының, Әділ Жамбасбайұлының біліміне, кәсіби шеберлігіне сенгенін көрсетеді.

Сенатқа барғанда Конституцияға сай келмейді деп алқаби сөзін алқа заседательдері өзгертіп жіберіпті» деп жазса, «Заң газетінде» жарық көрген «Алқаби сөзі қалай пайда болды?» деген мақаласында заң атауындағы өзгерістердің қалай орын алғанын егжей-тегжейлі баяндайды.

«Алқабилер соты туралы заң жобасын қорғай жүріп, «заседатель» сөзін қазақ тіліне аударудың жолын ойладым. Алқа заседателі бір іске қатыса отырып, билік айтатынын ескеріп «заседатель» деген сөзді қазақша «би» деп жазсақ дұрыс болар еді деген ой келді. Осы ойымды комитет төрағасы С.Жалыбинге айтқанда, ол мені сөзге келмей қолдады. Сөйтіп Парламенттің комитеті алқабилер соты туралы заң жобасының қазақша мәтініндегі «заседатель» деген сөздің бәрін «би» деген



Әбіш Кекілбаев Сенаттағы ең абыройлы ағамыз еді. Сөзімді тыңдаған соң Әбіш аға: «Алқа заседательдері де билердің қызметін атқарады екен ғой. «Би» деген сөз орынды қолданылған екен, комитеттің ауыстырғаны дұрыс болмапты» деп мені қолдады. Одан кейін сенатор Өміргелді Бәйгелдіге, Қуаныш Сұлтановқа кіріп, ұсынысымды айттым. Біраз күннен кейін Сенаттың пленарлық отырысы болды. Заң жобасын бәрі сапалы дайындалған деді. Төрағалық етуші баяндамашыға сұрақтың бар-жоғын сұрады. Ешкім қол көтере қоймады. Бір кезде залдан Әбіш ағаның дауысы шықты. «Заңның Сенатқа түскен жобасының мәтінінде «алқаби» деген қазақтың әп-әдемі сөзі болған екен. Ол сөзді неге ауыстырдыңдар?» деп еді, залда отырған сенаторлар гу ете қалды. Баяндамашы Ермек Жұмабаев: «Әбексе, Сіздің айтып отырғаныңыз дұрыс, өзіміз де «алқабилер» сөзін қайта енгізсек пе отырымыз» деді. Осылайша заң мәтініндегі «заседатель» сөзі «алқаби» деген сөзбен ауыстырылды» дейді ардагер-судья.

Міне, осы заң жобасын дайындап, қазақ тілінің қадірін түсініп, қажеттілікке айналдыруға тырысуының өзі ағамыздың азаматтық бет-бейнесін айқындап тұрған жоқ па?! Бұл Әділ Жамбасбайұлының өзіне жүктелген іске асқан жауаптылықпен қарайтынының, өз ұстанымын дәлелдеуде ешбір кедергіге мойымайтынының нақты дәлелі.

Қазақстандық соттың дамуына, жаңғыруына қомақты үлес қосқан Әділ

Құрықбаев қазір құрметті отставкада. Бірақ ағамыз өзінің сүйікті сот саласын дамыту, жаңғырту ісінен шет қалмаған. Әлі де болса сот реформаларына қатысты үн қосып, салада атқарылған жұмыстарға қатысты ұстанымын білдіруден жалықпай келеді. Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі институтының құрметті профессоры, Қазақстан Республикасының құрметті судьясы, «Құрмет» орденінің иегері атанған Әділ Жамбасбайұлы туған жерінен де қол үзбеген. Өзіміз Райымбек аудандық сотында қызмет еткендіктен Әділ ағамызға деген ауданның құрметін өте жақсы білеміз. Хантаңірінің бойында туып, заңгер, судья болуды арман еткен жастардың бәрінің үлгі ететіні бір адам. Ол – Құрықбаев Әділ Жамбасбайұлы. Ендеше, ізінен ергендерге адал еңбек, маңдай термен абыройлы болып, биікке жетудің тамаша өнегесін көрсеткен ардақты судьяның сот, құқық қорғау саласын білікті мамандармен толықтыруға да қосар үлесі зор.

Үнемі ізденіс үстінде жүретін Әділ ағамыздың авторлығымен жарыққа шыққан «Алқабилердің қатысуымен қылмыстық сот ісін жүргізу», «Уголовное судопроизводство с участием присяжных заседателей», «Қылмыстық құқықтағы меншікке қарсы қылмыстар», «Алқабилердің жетістігі мен болашағы», «Меншікке қарсы жымқыру мақсатында жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар», «Қылмыстық істер бойынша алқабилерді қатыстырып іс жүргізу» атты оқу құралдары да заңгерлер мен судьялардың білігі мен білімін көтеруге жылдар бойы қызмет етері күмәнсіз.

Әділ Құрықбаевтың жақсы істерін, ізгі қасиеттерін қалай айтсақ та, қалай мақтасақ та жарасады. Ең алдымен Әділ ағамыз – мықты тәлімгер, шебер ұйымдастырушы. Өзі де белсенді жұмыс істейтін, айналасындағыларды да ізінен ілестіре білетін жанашыр азамат. Сөздің қадірін білетін, ана тіліміздің беделін бәрінен биік қоятын тұғырлы тұлға. «Ай – ортақ, күн – ортақ, жақсы – ортақ» дейді қазақ. Осы тұрғыдан алғанда Әділ ағамызды да барша жұрт «өз балам», «өз ағам», – деп өлшеусіз құрмет тұтатын жан деп сеніммен айта аламыз. Мерейлі 70 жасқа үлкен абырой, үздік нәтижелермен жеткен аяулы ағамыздың денсаулығы мықты, ғұмыры ұзақ болсын дей отырып, тілегімізді мына шумақтармен түйіндегіміз келеді:

ҚАЛЫПТАСТЫ ҚҰРЫҚБАЕВ МЕКТЕБІ

*Сарыбастаудай көркем ауыл,
текті елдің
Батасымен алға басты, көктеді.
Адал еңбек арқасында бұл күні
Қалыптасты Құрықбаев мектебі.*

*Әділ аға – үлгісі даналықтың,
Әр қадамы, уәжі тура, нық тым.
Еңбек пенен ізденіс арқасында
Сізге еліктеп талай
жас дара шықты.*

*Таба алмассың ұстазды
маңызды одан,
Адал қызмет арқаиң парыз болған.
Құрметіне халықтың бөлене бер,
Ғасыр жаса, соттағы аңыз адам!*

Айжан МЫРЗАЛЫ,
Алматы облысы
Райымбек аудандық сотының
төрағасы

МЕЖЕ

Қазіргі таңда жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары қоғам өмірінің барлық саласына қарқынды түрде еніп келеді. Мемлекеттік басқару, сот жүйесі, қаржы және өлеуметтік салаларда қолданылып жатқан бұл технологиялар басқару тиімділігін арттырумен қатар, құқық саласында жаңа мәселелердің туындауына себеп болуда.

ЖИ ЖҰМЫСЫН РЕТТЕЙТІН ЗАҢ ӘЛІ ҚАБЫЛДАНҒАН ЖОҚ

Соның ішінде жасанды интеллект құқықтық қатынастардың жаңа құралына айналып, заң шығару, құқық қолдану және сот төрелігі саласында кеңінен қолданыла бастады. Әлбетте, жасанды интеллект деректерді талдау және алгоритмдер негізінде белгілі бір шешім қабылдай алатын жүйе ретінде тиімді екені рас. Алайда мұндай жүйелердің автономды түрде әрекет етуі құқықтық жауапкершілік мәселесін күн тәртібіне шығарып отыр. Егер автоматтандырылған шешім нәтижесінде азаматтың құқығы бұзылса, жауапкершілік кімге жүктеледі? Мұндай жағдайда бағдарламаны

жасаушы жауап бере ме, жоқ оны пайдаланушы орган жауапты бола ма? Әлде құқық бұзушылық үшін жаза жүйесін енгізген мекемеге жүктелуі тиіс шығар? Қолданыстағы заңнама бұл мәселеге нақты әрі бірізді жауап бермейді.

Жасанды интеллектті қолдану адам құқықтарын қорғау қағидаттарымен тығыз байланысты. Өсіресе, дербес деректерді жинау, өңдеу және сақтау үдерістерінде құқықтық кепілдіктердің сақталуы аса маңызды. Бет-әлпетті тану, азаматтардың мінез-құлқына талдау сияқты технологиялар тиісті бақылаусыз қолданылған

жағдайда жеке өмірге қолсұғу қаупін арттырады.

Сонымен қатар, жасанды интеллект алгоритмдерінің әділеттілігі де өзекті мәселе болып отыр. Алгоритмдер бастапқы деректерге тәуелді болғандықтан, біржақты немесе қате деректер негізінде қабылданған шешімдер дискриминацияға әкелуі мүмкін. Бұл еңбек қатынастары, әлеуметтік қолдау көрсету салаларында азаматтар құқықтарының шектелуіне себеп болуы ықтимал.

Қазақстанда жасанды интеллектті тікелей реттейтін арнайы заң әлі қабылданған жоқ. Қазіргі



кезде бұл сала цифрландыру, ақпараттық қауіпсіздік және дербес деректерді қорғау туралы заңдар аясында реттеліп отыр. Алайда технологияның даму қарқыны кешенді және жүйелі құқықтық реттеуді қажет етеді. Қазақстан үшін бұл бағытта арнайы құқықтық нормалар әзірлеу-құқықтық мемлекеттің дамуына жасалған маңызды қадам болмақ.

Қорытындылай келе, жасанды интеллектті тиімді пайдалану үшін құқық саласы заман талабына сай жаңғыруы тиіс. Жасанды интеллектті құқықтық реттеу – технологиялық прогресті тежемей, адам құқықтарын қорғауға бағытталған теңгерімді құқықтық тетіктерді қалыптастыруды талап етеді. Тек осындай жағдайда ғана жасанды интеллект құқық саласының сенімді әрі тиімді құралына айналады.

Назгүл САМЕНДИРОВА,
Ақтау қаласы әкімшілік құқық
бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған
сотында Сот әкімшісінің басшысы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЕСІРТКІ ҚАУПІНЕ ҚАРСЫ ЖОСПАР ТҮЗІЛДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл жөнінде ИМ Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл комитетінің төрағасы Данияр Мейірхан Астанада өткен жиында баяндады. Оның айтуынша, құжат Мемлекет басшысы алға қойған стратегиялық міндеттер мен Президенттің Қазақстан халқына жолдауындағы басым бағыттарды іске асыруға бағытталған. Осы жайлы жиында айта келіп, Данияр Мейірхан «Кешенді жоспар Ішкі істер министрлігі тарапынан мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп әзірленді және 2025 жылғы 19 желтоқсанда Үкіметтің №1117 қаулысымен бекітілді. Құжат бірнеше рет ведомствоаралық және сараптамалық алаңдарда жан-жақты талқыланды», – деді.

Жалпы 2025 жылы құқық қорғау және арнайы органдар 4 мың есірткі қылмысының жолын кессе, оның ішінде 2,7 мың өткізу фактісі ретінде анықталды. Барлығы 48,6 тоннадан астам есірткі тәркіленді. Бұл көрсеткіштердің өзі-ақ мәселенің ауқымын аңғартады.

Бүгінде синтетикалық есірткіге қарсы күрес ерекше назарда тұр. Осы бағыттағы жұмыс нәтижесінде 1,5 тоннаға жуық синтетикалық есірткі айналымнан алыныпты. Есірткі бизнесін ұйымдастырушыларға өмір бойына бас бостандығынан айыруға дейін жаза көздейтін заңнаманы қатаңдату ішкі нарықтағы заңсыз өндірістің айтарлықтай төмендеуіне әкелді. Сарапшылар бұл өзгерістердің заңды әрі уақыт талабына сай болғанын айтуда. Жалпы есірткімен күресте жартылай шара нәтиже бермейді. Заң арқылы есірткі бизнесімен айналысушыларға нақты тосқауыл қойылғаны тиімді. Қатаң жаза қашанда қоғамды қорғаудың заңды тетігі.

Сонымен қатар 2025 жылғы наурыздан бастап есірткіні медициналық мақсаттан тыс тұтынғаны үшін әкімшілік жауапкершілік енгізілді. Осы шараның нәтижесінде қазірдің өзінде 6 мыңнан астам құқық бұзушы жауап

қа тартылыпты. Бұл шара жазалаудан бұрын қылмыстың алдын алуға бағытталған. Ал қыркүйек айынан бастап дропперлік үшін қылмыстық жауапкершіліктің белгіленуі есірткі бизнесінің қаржылық арналарын әлсіретті. Үшінші тұлғалардың банк карталарын пайдаланудың 49 фактісі анықталды. Оның 35-і есірткі айналымымен тікелей байланысты болғаны анықталды.

ИМ Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл комитетінің төрағасы Данияр Мейірханның айтуынша, кешенді жоспардың ең салмақты бөлігі – профилактика, яғни алдын алу шараларынан тұрады. Сондықтан ИМ жанынан алғаш рет есірткі құқық бұзушылықтарының профилактикасы жөніндегі кеңес құрылып отыр. Бұл ұйымның құрамына жастар саясаты саласының өкілдері, Қазақстан халқы ассамблеясы мүшелері, спортшылар мен медиа тұлғалар, тіпті бұрынғы нашакорлар да кірді. Есірткімен күресте ең тиімді жол – жастардың санасына әсер ету. Бұл ретте қылмыскерлердің өз тәжірибесімен бөлісуі – ең күшті профилактикалық құрал болмақ.

7 бөлімнен, 106 тармақтан тұратын кешенді жоспарда қамтылған шаралар заманауи технологияларды кеңі-

нен қолдануды көздейді. Олар жасанды интеллектті жедел-талдамалық жұмысқа енгізу, пилотсыз ұшу аппараттарын пайдалану; цифрлық іздер мен деректер базасын қалыптастыру; криптовалюталармен байланысты қаржылық тергеп-тексеруді жетілдіруден тұрады.

Жоспарда құзырлы орындардың жауапкершіліктері де нақты бөлінген. Мәселен, Денсаулық сақтау министрлігі – емдеу мен оңалтуға, ал білім беру ведомстволары – жасөспірімдер мен жастар тәрбиесіне жауапты болып, осы бағыттағы жұмыстарды үйлестіріп, жүргізеді.

Тұтастай алғанда кешенді жоспарды іске асыру нәтижесінде қоғамдағы есірткіге тәуелділік деңгейін төмендету, жасөспірімдер арасындағы қылмысты азайту және заңсыз контенттің қолжетімділігін шектеу көзделіп отыр. Есірткімен күрес – бір ведомствоның емес, бүкіл қоғамның міндетіне айналу керек. Сондықтан қабылданып отырған бұл жоспар Мейірхан мырзаның айтуынша, мемлекеттің есірткі қатеріне қарсы жүйелі әрі қатаң жауабы.

А.ТҮРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»



ХАЛЫҚ ПЕН НАРЫҚ

БАҒАЛЫ МЕТАЛЛ БАҒАСЫ КҮРТ ҚЫМБАТТАДЫ

Иран төңірегіндегі тәуекелдер мен АҚШ-тың Федералдық резервтік жүйесіне көрсетіліп жатқан қысым аясында инвесторлар алтынға салымдарын күшейтті. Күміс те қымбаттап, тарихи ең жоғары деңгейіне жақындады. Иран айналасындағы ахуалдың ушығуы және АҚШ-тың Федералдық резервтік жүйесінің тәуелсіздігіне қатысты алаңдаушылықтың артуы алтын бағасының күрт өсуіне себеп болды.



12 қаңтарда алтынның бір трой унциясының бағасы 4600 долларға таяп, кейін төмендегенімен, таңғы саудада 4578 доллар деңгейінде қалды. Бұл алдыңғы жабылу бағасынан шамамен бір жарым пайызға жоғары. Жыл басынан бері алтын шамамен алты пайызға қымбаттаған. Ал былтыр бұл металл ең сұранысқа ие активтердің біріне айна-

лып, бағасы 65 пайызға өсті. Бұл – 1979 жылдан бергі ең жоғары өсім. Сол кезеңде күміс те айтарлықтай қымбаттап, шамамен 150 пайызға өскен. Дүйсенбі күні күмістің бір унциясының бағасы тағы төрт жарым пайызға жуық өсіп, 83,45 долларға жетті. Бұл 2025 жылдың соңында тіркелген рекордтық деңгейден сәл ғана төмен. Трейдерлер бағалы

металдардың қымбаттауын ең алдымен Иран айналасындағы жағдаймен байланыстырады. Сонымен қатар сарапшылар инвесторлар арасында АҚШ-тың Федералдық резервтік жүйесінің тәуелсіздігіне деген сенімнің әлсіреп келе жатқанын атап өтті.

Бұл алаңдаушылық АҚШ Президенті Дональд Трамп пен ФРЖ төрағасы Джером Пауэлл арасындағы жанжал аясында күшейе түсті. Пауэлл өзіне қатысты басталған қылмыстық тергеу мен айып тағу қаупін қатты сынға алып, мұны Федрезервтің шешімдеріне ықпал етуге бағытталған әрекет деп атады. Пауэллдің айтуынша, АҚШ Әділет министрлігі ФРЖ-ге Вашингтондағы орталық банк ғимараттарын көп жылға созылған қайта жөндеу жұмыстарына байланысты Сенаттағы тыңдауларда берген куәліктеріне қатысты шақыртулар жолдаған. ФРЖ басшысы бұл айыптаулардың сылтау ретінде ғана қолданылып отырғанын атап өтті. Оның сөзінше, мәселе Федералдық резервтік жүйенің пайыздық мөлшерлемелерді саяси қысымсыз, нақты экономикалық жағдайға сүйене отырып белгілей алу-алмауына да байланысты. Алтын инвесторлар үшін дәстүрлі түрде саяси және геосаяси тұрақсыздық кезеңінде «тыныш аймақ» саналады. Дағдарыстар мен қақтығыстар кезінде оған деген сұраныс, әдетте, арта түседі. Күміс те тек инвестициялық құрал ғана емес, сонымен бірге маңызды өнеркәсіптік металл болып саналады. Ол жасанды интеллект, робототехника және энергетикаға қатысты технологияларда кеңінен қолданылатындықтан, бұл да күміске деген сұранысты қолдап отыр.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

МІНБЕР

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» заңға өзгеріс енгізіледі. Мәжіліс депутаттары Парламент палаталарының бірлескен комиссиясының құрамын жасақтады. Мәжіліс депутаты Снежанна Имашева бірлескен комиссия құрамында кімдер болатынын мәлім етті.

САЙЛАУ ТУРАЛЫ ЗАҢҒА ӨЗГЕРІС ЕНГІЗІЛЕДІ

«Мәжілістің жалпы отырысында дауыс беру қорытындысы бойынша бірлескен комиссия құрамына депутаттар Марат Башимов, Мұрат Ергешбаев пен Үнзила Шапақенді», – деп мәлімдеді депутат.

Еске салсақ, 2025 жылдың қыркүйегінде депутаттар тиісті заң жобасын жұмыс тобына қабылдаған болатын.

Заң жобасы мынадай өзгерістерді:

- Мәжіліс депутаттығына 1 кандидатты 1 сайлау округінен артық сайлау округінде ұсынуға тыйым салуды;
- бір адамды бір мезгілде мәслихаттың бір мандаттық округтері бойынша ұсынуға да тыйым салуды;
- әкімге кандидаттың сайлау қорын құруды көздейді;

Мәжіліс депутаты Снежанна Имашеваның айтуынша, бастаманың мақсаты – сайлау тәжірибесін ескере отырып, заңнаманың жекелеген нормаларын нақтылау және сайлау жүйесін жетілдіру. Конституциялық заң жобасын және оған ілесіп екі заң жобасын Үкімет әзірлеген. «Бұл құжаттар сайлау кезіндегі рәсімдік мәселелерді жетілдіруге, Президенттікке, Парламент пен мәслихат депутаттығына, әкім лауазымына кандидаттарға, сондай-ақ сайлау комиссияларының мүшелеріне қойылатын талаптарды күшейтуге, үгіт-насихат жүргізу тәртібін, әкімдікке кандидаттың сайлау қорын құру және пайдалану мәселелерін реттеуге бағытталған», – деді депутат. Ұсынылып отырған өзгерістерге сөйкес, сыбайлас жемқорлық, ауыр және аса ауыр қылмыстар үшін сотталған адамдар сайлау комиссияларының мүшесі бола алмайды. Сонымен қатар, әкімшілік-аумақтық бірліктер өзгерген жағдайда сайлау комиссиялары мен олардың мүшелерінің өкілеттігін сақтау немесе тоқтату тәртібі нақтыланады. «Аумақтық сайлау комиссиясы мүшесінің бала күтімі бойынша демалысқа, оқу демалысына шығуына байланысты өкілеттігін уақытша тоқтата тұруға және оның орнына уақытша мүше тағайындауға мүмкіндік беріледі. Сондай-ақ кандидаттың сайлау қорынан тыс қаржыландыру тартуына тыйым салынып, бұл талапты бұзғаны үшін жауапкершілік бекітіледі», – деп толықтырды Снежанна Имашева.

Сонымен бірге сайлау комиссиясы мүшелерінің өкілеттігін асыра пайдаланғаны және заң бұзғаны үшін жауапкершілік енгізіледі. Байқаушыларға қатысты жас шегі нақтыланып, бұл мәртебе тек 18 жасқа толған Қазақстан азаматтарына ғана беріледі. Әкімдерді сайлау кезінде кандидаттар бірдей дауыс жинаған жағдайда қайта дауыс беру тәртібін регламенттеу де ұсынылып отыр.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

ӨҢІР ТЫНЫСЫ

ӨҢІРДІ ДАМУТУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ ТАЛҚЫҒА ТҮСТІ

Атырау облысының әкімі Серік Шәпкенов австралиялық Project Century компаниясының құрылымдық бөлімшесі – Apex Century компаниясының өкілдерімен кездесу өткізді.

Онда тараптар Атырау облысында жоғары технологиялы инвестициялық жобаны іске асыру перспективаларын және өңірде аддитивті өндірісті дамытудың мүмкіндіктерін талқылады.

Apex Century компаниясы металл, пластик және композиттік материалдарды өңдеуге арналған жоғары дәлдіктегі қондырғыларды жобалау, жеткізу, іске қосу және интеграциялауға маманданған. Компания қызметінің негізгі бағыттарының бірі – өнеркәсіп, медицина және құрылыс салаларына арналған 3D-баспа орталықтарын құру, бірегей шығын материалдарын, жинақтаушы және қосалқы бөлшектер шығару. Оның ішінде мұнай-газ саласына арналған өнімдер де бар.

Компания директоры Денис Ньюман аддитивті өндіріс саласындағы технологиялық шешімдерді таныстыра келе, 3D-технологиялар күрделі геометриялы бөлшектерді жылдам дайындауға, жоғары дәлдікті қамтамасыз етуге, сондай-ақ шағын және орта деңгейдегі партиялар шығаруға мүмкіндік беретінін айтты.

Е.КЕБЕКБАЙ
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

КЕНТ ТҰРҒЫНДАРЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Шиелі көнтінің «Шұғыла» мәлтек ауданында өлеуметтік осал топтағы отбасыларға арнап салынған 30 пәтерлік 15 тұрғын үйді иелеріне табыстау рәсімі өтті.

Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенев, Мархат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев, Қазыбек Иса, зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары қатысты.

Аймақ басшысы тұрғындарды қоныстойларымен құттықтап, құрылыс саласындағы, әсіресе тұрғын үй құрылысын дамытудағы ауқымды жұмыстарды атап өтті.

А.МӘУЛЕНБАЙ
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

БАҒДАР

Шымкент қаласы полиция департаментінің Жедел басқару орталығындағы тынымсыз қызмет сақшылардың жан-кешті еңбегін көрсетті.

Бір жылда 45 мыңнан аса қоңырау түскен

Жедел басқару орталығының басты міндеттерінің бірі – қала аумағы бойынша келіп түскен ақпараттарды талдау және өңдеу. Яғни, полицияның кешенді күштері, учаскелік полиция инспекторларының және кезекші тергеу топтары жұмыстарын тәулік бойы үйлестіреді. Сонымен қатар, «102» сымтетігіне түскен ақпараттарды қабылдап, оларды электронды түрде тіркеп отырады. Орта есеппен Жедел басқару орталығына тәулігіне 1000-1200 қоңырау шалынса, жыл басынан бері 102 арнасындағы әртүрлі сипаттағы қоңыраулар саны 45 мыңнан асқан.

Шымкент қаласы Полиция департаменті Жедел басқару орталығының негізгі атқаратын қызметі – полиция қызметкерлерін қылмыстық оқиға болған жерге тез арада жеткізіп, орын алған қылмыстардың алдын алуға жағдай жасау. Кезекші бөлім қызметкерлері бұл жайттарды жедел түрде тиісті бөлімдерге жеткізіп отырады. Бұл – жауапкершілігі зор міндет.

Жедел басқару орталығының бейнебақылау камераларының көмегімен күнделікті қала аумағындағы көше киылыстарындағы кептелістерді ретке келтіру, қоғамдық орындар мен көшелерде қылмыстардың алдын алып, жұмыстар атқаруда өз көмегін тигізуде.

Сондай-ақ, бейнебақылау камераларының көмегімен жолда жүру ережесін бұзған автокөліктер анықталып, оларға тиісті деңгейде әкімшілік шаралары қолданылуда. Ал, «102» арнасы арқылы түскен шақыртулар бойынша оқиға орнына полиция кешенді күштері мен жедел тергеу тобын дереу жолдап, қылмыстың ізін суытпай ашу үшін тиісті шаралар атқарылады.

Тәуліктік кезекшілікте отырған полицейлердің атқарылған жұмыстары бойынша күнделікті сарапталып, бейнебақылау камераларының көмегімен ашылған қылмыстар мен анықталған әкімшілік құқықбұзушылықтар есепке алынып, апта сайын жедел кеңесте қаралып отырады.

Жедел басқару орталығы қалай құрылды?

Шымкент қалалық Жедел басқару орталығының тарихына келер болсақ, 2006 жылдың наурыз айында ОҚО ПД халықтың қауіпсіздігі мен тыныштығын қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарды пәрменді түрде жүзеге асыру үшін Жедел басқару орталығы құрылған болатын. Шымкент қаласының орталық көшелерінде 15 сыртқы бейнекамера орнатылып іске қосылды. Қойылған бейнекамералардың көмегімен әртүрлі деңгейдегі қылмыстар ашылған.

Ал 2009–2011 жылдары ішкі істер органдары техникалық қайтадан жабдықтау мәселелері және де оларды заман талабына сай жабдықтау, жаңа құралдар мен техникамен жабдықтандыру, бірыңғай интегралды деректер қорын құру мақсатында департамент басшылығы облыс әкімшілік қолдауымен бейнекамералардың санын 2009

жылы 20-ға, 2010 жылы 63-ке дейін жеткізсе, бүгінгі таңда 12855 сыртқы бейнебақылау камерасы жұмыс істеуде. 2011 жылы полицияның кешенді күштерінің қызметін тиімді және дұрыс пайдалану мақсатында қызметтік автокөліктерге қосымша 150 GPS құрылғысы орнатылып, олардың саны 300-ге жеткізілді.



Бүгінгі таңда Шымкент Жедел басқару орталығы – қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуде ең жоғарғы техникамен жабдықталған қуатты қызмет саласының бірі.

Жүзден аса қызметкердің өз міндеті бар

Шымкент Жедел басқару орталығында 100-ден аса қызметкер қызмет атқарады. «102 операторлары» – қылмыс туралы ақпаратты алып, электрондық карточкасының «Санат», «Оқиғаның сипаттамасы», «Күдіктілер саны», «Бағыт», «Оқиғаның уақыты» және «орны» бағандарын толтырып, телефон нөмерлерінің иесі мен мекенжайы бойынша қалалық телефон станциясы деректерін автоматты түрде анықтап, Жедел басқару орталығының электрондық карточкасын автоматтандырылған база картасы арқылы Шымкент қаласы аумағы бойынша Абай, әл-Фараби, Еңбекші, Қаратау, Тұран АПБ-нің күш құралдарды басқару тобы қызметкеріне беріледі. Қылмыс фактісі мен орын барынша толық және шынайы бекітуге жауапкершілік алады.

«Күш құралдарды басқару тобы» – Абай, әл-Фараби, Еңбекші, Қаратау, Тұран АПБ бойынша полиция кешенді күштерін оқиға орнына жібереді.

«Бейнебақылау тобы» – адамдардың көп жиналатын жерлерін бақылап, тәртіпті қамтамасыз ету және құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында көлік көп жүретін қиылыстар мен магистральдардағы жағдайды бақылай отырып, күзетілетін адамдарға еріп жүруге бейнебақылау жүргізіп, жедел тергеу қызметтерімен ақпарат алмаса отырып, камералар арқылы іздеу жұмысын жүргізеді, белгілі болған қылмыстарға уақытылы ден қоюға жауапты болады. Қазіргі таңда бейнекамералардың арқасында аса ауыр қылмыстар да ашылууда.

«Навигатор тобы» – полиция кешенді күштерінің қызметке шығуы туралы мәліметті қабылдап, ЖБО АБК-ға енгізеді, автопатрульдердің қызмет өткеруін ұйымдастырады, жоспарлайды және бақылап, нарядтар туралы барлық ақпараттардың дұрыстығына жауап береді.

«Кезекші бөлім» – кезекші аусымға жалпы басшылық етіп, жедел жағдайды бақылап, ол туралы ақпарат

ныс орната алады. Сондай-ақ цифрлық жүйенің тағы бір игілігі қоғамдық автобустарда пайдаланылуда. Кез келген қауіптен сезіктенген тұрғындар SOS жүйесіне жүгініп, көмек сұрай алады.

Осы құрылғы арқылы бір күнде онға жуық адам өз арызын осы құрылғының көмегімен полицияға тіркейді. Олар бұзақыдан төнген қауіп пен қолды болған құнды заттары және көшеге коқыс тастағандар үшін арызданған.



Полицейлер қылмысты жедел ашу үшін әрбір секунд маңызды деп есептейді.

– Кез келген жағдайда дабыл батырмасын басып, қоңырау шалуға болады. Ұрлық пен бұзақылықты қоспағанда, өзін жайсыз сезінген тұрғындар да полицияға иек арта алады. Барлық азаматтың ұялы телефонында арнайы батырма бола бермейді. Кейде телефонының қуаты сөніп қалуы да мүмкін. Осындай кезде шұғыл әрекет етіп, жедел басқару орталығынан көмек сұраса болады. Сондай-ақ құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында автобустағы бейнебақылау жүйесі де жедел басқару орталығына қосылған. Өйткені, жол ережесін елемейтін жүргізушілер көбейді. Автобус іс-шарасын өткізіп тұрамыз. Екінші жолақтан тоқтап, жолаушыларды түсіреді. Жылдамдықты асырады. Солардың бәрін анықтап, алдын алу мақсатында камераларды жедел басқару орталығына қостық. Камераның қырағы көзі тәртіп бұзушылықтың тыйылуына сеп болды, – дейді Шымкент қалалық ПД Жедел басқару орталығының бастығы, полиция полковнигі Асқар Алипбаев.

Шымкентте қоғамдық қауіпсіздікті арттыру мақсатында биыл 4 425 бейнебақылау камерасы орнатылды. Оның ішінде 350 камера бейнеталдау функциясын атқарып, қалада кез келген ықтимал қауіптің алдын алу шараларын күшейтуде.

– Халықпен кездесулер барысында тұрғындар қала дамуына қатысты өз ұсыныстары мен пікірлерін білдіріп, белсенділік көрсетуде. Осы орайда, қала тұрғындарының қатысуымен арнайы жоба іске қосылды. Енді әр азамат қоғамдық орындар мен көліктерде орналасқан QR-код арқылы өз идеяларын қалалық басқармаларға тікелей жеткізе алады. Бұл жаңашылдық қаланың дамуына тұрғындардың белсенді араласуын қамтамасыз етіп, қоғамдық қауіпсіздік пен тұрғындардың жайлы

өмір сүру деңгейін арттыруға мүмкіндік береді, – деді полиция полковнигі Асқар Алипбаев.

Орталық қызметкерлері барлық мемлекеттік органдармен тығыз байланыста жұмыс істейді. Кезекшілік «102» жедел желісіне түскен алғашқы қоңыраудан басталады. Қоңырау арнайы бөлімге қабылданып, тіркеледі, дыбыстық жазбасы жүргізіліп, аға инспекторға жолданады. Аға инспектор шақыртудың сипатына байланысты полицияның кешенді күштерін бағыттайды.

– Кезекшілік тәулігіне шамамен 100-ге жуық қоңырау қабылданады. Азаматтардан түсетін өтініштер өте көп. Полиция тәулік бойы үздіксіз қызмет атқарады. Демалыс және мереке күндері жеке құрам күшейтілген режимде жұмыс істейді. Кезекшілік қызмет таңғы сағат 7:30-да басталады. Қызметкерлер қаруланып, сап түзеу өткізіледі. Қаладағы жедел жағдай туралы ақпарат беріледі. Қылмыстар бойынша бағыттамааларды бір-бірімізге жеткіземіз. Қай санаттар бойынша жұмыс жүргізу қажет екені түсіндіріледі. Осыдан кейін қызметке кірісеміз. Бір тәулік ішінде кез келген жағдай болуы мүмкін. Әр кезекшілік әр түрлі өтеді. Жұмысымызда күн сайын түрлі оқиғалар мен жағдайлар болып жатады, – деді Шымкент қаласы ПД Жедел басқару орталығының Ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы Нұрлыбек Құрманбеков.

Бейнекамералардың көмегімен 766 қылмыс ашылған

Жедел басқару орталығы – полицияның «көзі мен үйлестірушісі», барлық қоңыраулар мен дабылдар тәулік бойы қабылданып, өңделетін басты басқару пульты. Күн сайын ЖБО қызметкерлері азаматтардан 1000-нан астам өтініш қабылдап, өңдейді. Өнірдің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін 15 мыңнан астам бейнебақылау камерасы жұмыс істейді, олардың бейнесі бірыңғай орталыққа түседі. Дәл осы жерде көшелер мен қоғамдық орындардағы жағдайға бақылау жүргізіледі.

Шымкент қаласы Полиция департаментінің Жедел басқару орталығына қарасты бейнекамералардың көмегімен былтыр 766 қылмыс ашылған. Әкімшілік құқық бұзушылық бойынша 77281 жайт анықталып, хаттама толтырылған. Ал 102 байланыс телефоны арқылы 457553 шақырту түскен.

Жедел басқару орталығының қару-жарағында – заманауи басқару пульты төтенше жағдайларға жедел әрекет етуге мүмкіндік беретін «SOS» стационарлық қоңырау жүйесі бар. Аталған сала сақшыларының жұмысы жоғары зейінділікті, жеделдікті және жауапкершілікті талап етеді. Себебі олардың әрекетіне көбіне адамдардың өмірі мен қауіпсіздігі байланысты екені анық. ЖБО қызметкері ондаған өтінішпен жұмыс, мыңдаған камераны бақылау және бірнеше секунд ішінде шешім қабылдауға дайын тұрады. Бұл көзге көрінбейтін, бірақ қоғам тәртібі мен азаматтардың тыныштығын қамтамасыз етудегі аса маңызды майданның бірі екені анық.

Раушан НАРБЕК
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

КИЕ

ҚАЗАҚТІЛДІ МАМАНДАРҒА СҰРАНЫС ӨСТІ

Соңғы жылдары елімізде мемлекеттік тілдің қолданыс аясы артып келе жатқаны байқалады. Қазақтілді мектептердің, балабақшалардың саны артып, қазақтілді мамандарға да сұраныс өскен. Сот істерінің қазақ тілінде өтуіне қатысты да статистика оң бағытта өсіп келе жатқанын аңғарып отырымыз. Бұл жақсы үрдіс.

Мемлекетіміздің болашағы қазақ тілімен тығыз байланысты екенін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та бірнеше рет атап өткен болатын. Осы орайда Президентіміз қазақ тілі біріктіруші күшке айналуы тиіс екенін де баса айтқан. Ендеше, бұл бағытта бірінші кезекте мемлекеттік органдар, әсіресе, құқық қорғау құрылымдары үлгі көрсетуі керек. Осы орайда атап өтер жайт, 2025 жылдың 1 қыркүйегінен бастап, күшіне енген жаңа заңнамалық өзгерістерде мемлекеттік тілдің мәртебесінің айқындалғанын сезіне түсеміз. Атап айтқанда, құқық қорғау органдарының

лауазымды тұлғалары Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасын бұзған жағдайда олар әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Бұл – бұрын-соңды болмаған шешім. Осыған дейін «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңның талаптарын орындамаған құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне тек тәртіптік жаза қолданылатын. Бірақ, бұл шаралар жеткіліксіз екені уақыт өте айқын көрінді. Себебі, азаматтардан мемлекеттік тілде келіп түскен өтініштерге жиі орыс тілінде жауап беріліп немесе қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық процестік



заңнамаларындағы тілге қатысты нормалар өрескел бұзылып, оған қатысты соттар жеке қаулылар шығарып, «Тіл туралы» заңды бұзған нақты адамдардың тәртіптік жауапкершілік мәселесін көтеруге құқығын тікелей жолдайтын. Бұл құқық бұзушылық – Конституция мен «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңды өрескел бұзу ғана емес, азаматтың Конституциямен кепілдендірілген тілдік құқығын аяққа таптау. Ал жаңа өзгерістер бұл олқылықтың орнын толтырды деуге болады.

Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру үшін

тіл – бүкіл қазақстандықтардың тілі, бірімізге ортақ тіл. Тіл – халықтың рухани және мәдени байлығының дамуының құралы екенін ескере отырып, қазақ тілі – еліміздің барлық азаматтарын топтастырудың мықты іргетасы болатынына және мемлекеттік тілдің болашағы зор екеніне кәміл сенеміз.

Сауле КЕНЖАЛЫ,
Ақтөбе қалалық сотының
бас маманы-
сот отырысының хатшысы

БІЛГЕН ЖӨН

МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУДАҒЫ ЖОСЫҚСЫЗ ҚАТЫСУШЫЛАР ТІЗІМІ ҚАЛАЙ ЖАСАЛАДЫ?

Мемлекеттік сатып алу мемлекеттік қаражатты жұмсау және мемлекеттік қажеттіліктерді қамтамасыз ету мақсатында енгізілген бірегей механизм. Алайда тамыр-тамыстық пен сыбайлас жемқорлыққа тосқауыл қояды деп саналған бұл жүйенің де тиімділігі мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың адалдығына, жауаптылығына тікелей байланысты екенін түсінуіміз керек.



Жосықсыз қатысушылар мемлекеттік сатып алу ережелерін бұзады, бәсекелестікті бұрмалайды, соның кесірінен мемлекетке шығын келеді әрі бірегей жүйенің сапасына күмән көбейді. Соған орай еліміздің заңнамасында «Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі» арқылы мұндай жауапсыз қатысушыларды анықтауға және мемлекеттік тапсырысқа қатысудан шектеуге бағытталған арнайы институт қалыптасып отыр.

Жеткізушілерді мемлекеттік сатып алуға адал емес, яғни жосықсыз қатысушы деп тануға қатысты мәселелер «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңның ережесі шеңберінде реттеледі. Сонымен қатар, жеткізушілерді сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танудың санаттары «Квaziмемлекеттік сектордағы жекелеген субъектілерді сатып алу туралы» заңында дәйектелген.

Мемлекеттік сатып алуға жосық-

сыз қатысушылардың тізіліміне ең алдымен жалған ақпарат берген әлеуетті жеткізушілер енгізіледі. Бұдан бөлек келісімшарт жасасудан жалтарған, табысты деп танылған әлеуетті жеткізушілер мен өздерімен жасалған келісімшарттар бойынша міндеттемелерін орындамаған жеткізушілер де жосықсыз қатысушылар қатарына қосылады. Сондай-ақ, өздерімен жасалған келісімшарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындамаған жеткізушілер де мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіміне енгізіледі. Ал осы жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізуге заңды күшіне енген сот шешімдері негіз болады. Әрі бұл тапсырыс берушінің әлеуетті жеткізушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы шешімі негізінде уәкілетті органның көмегімен жасалады.

Әлеуетті жеткізушілерді немесе

жалған ақпарат берген жеткізушілерді мемлекеттік сатып алуға адал емес қатысушылар ретінде тану туралы істерде ұйымдастырушы, жалғыз ұйымдастырушы және тапсырыс беруші мұндай әлеуетті жеткізушіні немесе жеткізушіні мемлекеттік сатып алуға адал емес қатысушы ретінде тану туралы талап арызын келісімшарт бұзылған немесе мерзімі аяқталған күннен бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей беруге міндетті екенін түсіну маңызды.

Осы ретте мына мәселеге назар аударған дұрыс. Тапсырыс беруші өздерімен жасалған келісімшарт бойынша міндеттемелерін орындамаған жеткізушілерді мемлекеттік сатып алуға адал емес қатысушылар ретінде тану туралы талап арызын келісімшарт бұзылған немесе мерзімі аяқталған күннен бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей беруге міндетті.

Ал сот осы санаттағы істерді қарағанда жеткізушінің кінәсін Азаматтық кодекстің 359-бабына сәйкес азаматтық жауапкершілік негізі ретінде және тапсырыс беруші үшін одан туындайтын теріс салдарды Азаматтық процестік кодекстің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға қонымдылық критерийлеріне сүйене отырып таразылайды.

Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушыларының тізілімі мемлекеттің және адал қатысушылардың мүдделерін қорғауға арналған маңызды құрал. Бұл мемлекеттік сатып алуға заңсыздықтардың алдын алып, жауапсыз қатысушыларға тосқауыл қою мақсатын көздейді.

А.АБИШЕВА,
Алматы қаласы
мамандандырылған
ауданаралық экономикалық
сотының судьясы



С.МУХАНОВ,
Ақтөбе қаласы №3 сотының
судьясы

тиімді жолы. Қазақ тілінің сот жүйесіндегі рөлі күшейіп келе жатқанына қарамастан, бірқатар мәселелер сақталуда: іс жүргізудің басым бөлігі әлі де орыс тілінде жүргізіледі; терминологияның бірізділігі толық қалыптаспаған; кей өңірлерде аудармашылар тапшылығы байқалады; сот қызметкерлерінің қазақ тіліндегі ресми жазу дағдылары жеткіліксіз. Бұл мәселелерді шешу үшін мемлекеттік тіл саясатын жүйелі түрде жүзеге асыру қажет.

Сот жүйесінде мемлекеттік тілдің толыққанды қолданылуы – тек тіл саясатының ғана емес, елдегі құқықтық мәдениеттің, ұлттық сананың және мемлекеттік тұтастықтың көрсеткіші. Қазақ тілінің сот саласында орнықты болуы азаматтардың сотқа деген сенімін арттырып, әділдік қағидатының жүзеге асуына оң ықпал етеді. Сондықтан мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру – стратегиялық маңызды міндет және бүкіл құқық қорғау жүйесінің ортақ жауапкершілігі.

Қазақ тілі – бабалардан қалған аманат, ұлттың мәңгілігінің кепілі. Мемлекеттік тіл ретінде оның мәртебесін көтеру – әр азаматтың парызы. Тілді дамыту – тек лингвистикалық міндет емес, ол – елдің рухани өсіп-өркендеуінің, бірлігі мен болашағының басты факторы.

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне тергеу судьясы институты енгізілді. Жылдан жылға іс жүргізу заңнамасы қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу сатысында судьяның өкілеттіктерін айтарлықтай кеңейтуде. Өкілеттікті кеңейту қылмыстық процестің тиімділігі мен ашықтығын арттырып, қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын органдар әрекеттерінің заңдылығына сот бақылауын күшейтеді.

ТЕРГЕУ СУДЬЯСЫНЫҢ ӨКІЛЕТТІГІ

Тергеу судьясы – сотқа дейінгі іс жүргізу кезінде Қылмыстық-процестік кодексте көзделген өкілеттіктерді жүзеге асыратын бірінші сатыдағы судья. Оның тәртібі ҚПК-нің 55-бабында айқындалған. Атап айтқанда, сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде тергеу судьясы – қамауда ұстау, ұйқамаққа алу, қызметтен уақытша шеттету, экстрадициялық қамауға алу, мүлікке тыйым салуды санкциялау өкілеттігін жүзеге асырады. Сонымен қатар, адамды сот-психиатриялық немесе сот-медициналық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыру, мәйітті эксгумациялау, күдікті мен айыпталушыға халықаралық іздеу жариялау мәселелерін де қарайды.

Тергеу судьясының құзыретіне қылмыстық қудалау органдарының әрекеттері мен шешімдеріне шағымдарды қарау, мәселелерді шешу де кіреді. Сондай-ақ тараптардың құқықтарына қатысты ережелерге елеулі өзгерістер енгізілді. Енді қорғаушы ретінде қатысатын адвокат сотқа мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қоспағанда, қылмыстық іс үшін маңызы бар кез келген ақпаратты, құжаттарды, заттарды сұрату және қылмыстық іске қоса беру туралы өтінішхат беруге құқылы.

Өтініштерді қарау ережелері де өзгерістерге ұшырады. Осылайша, тергеу судьясы қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтінішті (ҚР ҚПК-нің 148-бабы) қарау кезінде бұлтартпау шарасын санкциялау үшін жеткілікті негіздерді көрмесе немесе қарау кезінде күмән туындаса, күдіктің негізділігі тура болса, ол бұлтартпау шарасын санкциялаудан бас тартуға немесе басқа, неғұрлым жеңілрек бұлтартпау шарасын таңдауға құқылы. Сонымен бірге, ҚПК-нің 147-бабына сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қамауға алу санкциясын беру туралы сотқа өтінішхатты қозғау туралы қаулыда қатаңырақ емес жазаны қолданудың мүмкін еместігін негіздеуге міндетті. Яғни, егер бұрын тергеушінің қамауға алу себебін ай-



С.ЖҮНІСБАЕВ,
Орал қаласы мамандандырылған
тергеу сотының судьясы

туы жеткілікті болса, енді ол ұйқамақ, кепіл, ешқайда кетпеу туралы тану және дұрыс мінез-құлық және басқалар сияқты басқа да бұлтартпау шараларын қолданудың мүмкін еместігін қосымша негіздеуге міндетті. Сондай-ақ қылмыстық жауапкершілікке тартылған адамды қызметтен уақытша шеттету туралы мәселені шешу де тергеу судьясына жүктелген.

Қылмыстық іс жүргізу заңындағы жаңалықтардың бірі прокурордың, күдіктінің, адвокаттың, жәбірленуші мен куәнің өтініші бойынша тергеу судьясы олардан кейін жауап алуы мүмкін деп санауға негіз болған жағдайда жауап алуға болатын дәлелдемелерді сақтаумен байланысты. Көбінесе, қылмыстық істерді қарау кезінде судьялар сот отырысына іс бойынша шешім шығарылатын негізгі куәгерлердің келуін қамтамасыз ету мәселесіне тап болады. Дәлелдемелерді тікелей зерттеу принципіне сүйене отырып, сот сот талқылауын кейінге қалдыруға және қажетті куәлар мен жәбірленушілерді шақыруды бірнеше рет қамтамасыз етуге міндетті.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ШІКІР

ТІЛ – БАБАЛАРДАН ҚАЛҒАН АМАНАТ

Қазақстан Республикасының Конституциясында мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп айқын көрсетілген. Елдің құқықтық кеңістігінде, оның ішінде сот жүйесінде мемлекеттік тілдің толыққанды қолданылуы – құқықтық мәдениеттің, ұлттық бірегейліктің және мемлекеттік тәуелсіздіктің маңызды көрсеткіштерінің бірі. Осыған қарамастан, сот ісін жүргізуде мемлекеттік тілдің үлесі әлі де күткен деңгейге жетпегені байқалады. Сондықтан сот саласында қазақ тілінің мәртебесін көтеру – уақыт талабы.

Сот – заң үстемдігін қамтамасыз ететін мемлекеттік орган. Демек, сот өндірісінде қолданылатын тіл халыққа түсінікті, қолжетімді болуы тиіс. Мемлекеттік тілдің кең қолданылуы азаматтардың құқықтарын қорғау процесін жеңілдетіп, әділ сотқа қол жеткізу мүмкіндігін арттырады. Сонымен бірге, соттағы мемлекеттік тіл: азаматтар мен мемлекет арасындағы коммуникацияның сапасын жақсартады; құқықтық құжаттардың бірізділігін және түсініктілігін қамтамасыз етеді; ұлттық құқықтық ғылым мен тәжірибенің дамуына ықпал етеді; мемлекеттік қызметкерлердің, құқық қорғау органдарының тілдік құзыретін арттырады.

Соңғы жылдары мемлекеттік органдарда, оның ішінде соттарда қазақ тілін қолдану көлемі артып келе жатқанымен, бірқатар мәселелер сақталуда:

1. Сот құжаттарының басым бөлігін орыс тілінде дайындауы.
2. Судьялардың және сот қызметкерлерінің мемлекеттік тіл деңгейінің әрқелкілігі.
3. Қазақ тілінде заң терминологиясының бірізденбеуі.
4. Азаматтардың өтініштері мен та-

лап қоюларының көбінің орыс тілінде берілуі.

5. Процестік құжаттарды мемлекеттік тілде жүргізуге арналған ресурстардың жеткіліксіздігі.

Бұл мәселелерді шешу мемлекеттік тілді дамыту саясатының ажырамас бөлігі болуы тиіс. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру үшін судьялар мен қызметкерлердің тілдік біліктілігін арттыру керек. Тілдік курстарды күшейту, арнайы сертификаттау жүйесін енгізу, кәсіби терминологияны меңгерту – мемлекеттік тілде іс жүргізуді кеңейтудің негізгі алғышарттары.

Сонымен қатар, құқықтық терминологияны жетілдіру де маңызды. Қазақ тіліндегі заң терминдерін жүйелеу, құқықтық актілердің сапалы аудармасын қамтамасыз ету және терминдердің тұрақты қолданылуын бақылау күн тәртібінде тұрған өткір мәселенің бірі. Бұған қоса іс жүргізуді мемлекеттік тілге кезең-кезеңімен көшіру кезек күттірмейді. Сотқа жүгінген азаматтардың өтініші автоматты түрде қазақ тілінде дайындалуы, процестік құжаттардың стандарт нұсқаларының мемлекеттік тілде болуы орынды.

Электрондық сот жүйесін қазақ тіліне бейімдеу бойынша да жүйелі жұмыс жүргізілуі керек. «Төрелік», «Сот кабинеті» сияқты цифрлық платформалар толыққанды қазақ тілінде жұмыс істеуі, барлық үлгілер мен нұсқаулықтар мемлекеттік тілде қолжетімді болуы қажет.

Азаматтардың құқықтық санасын көтеру мәселесі де назардан тыс қалмақ емес. Тұрғындар арасында мемлекеттік тілде іс жүргізудің маңызын түсіндіру, құқықтық ағартушылық жұмыстарын күшейту – сұранысты арттырудың

ТҮЙТКІЛ

ҚҰМАР ОЙЫНҒА ТӘУЕЛДІЛІК ҚҰРДЫМҒА БАТЫРАДЫ

Қазіргі қоғамда құмар ойындарға тәуелділік, яғни лудомания өзекті әлеуметтік мәселелердің біріне айналып отыр. Бұл дерт адамның психологиялық жағдайына ғана емес, отбасылық қарым-қатынасына және материалдық ахуалына да кері әсерін тигізеді.

Лудомания – құмар ойындарға деген бақылаусыз әуестік. Мұндай тәуелділікке шалдыққан адам ойыннан өз еркімен бас тарта алмайды. Уақыт өте келе ойын негізгі өмірлік мақсатқа айналып, адам жауапкершіліктен алыстайды.

Мамандар лудоманияның пайда болуына күйзеліс, қаржылық қиындықтар, бос уақыттың дұрыс ұйымдастырылмауы және интернет арқылы құмар ойындардың кең таралуы себеп болатынын айтады. Әсіресе букмекерлік кеңселер мен онлайн ойындарға тәуелділік жастар арасында жиі кездеседі.

Аурудың алғашқы белгілері – ойын туралы жиі ойлау, ұтылған қаражатты қайтаруға тырысу, қарызға бату, жақындарынан ойынға жұмсаған ақшасын жасыру. Мұндай жағдайда адамның мінезі өзгеріп, ашуланшақтық пен маза-сыздық пайда болады.

Лудоманияның салдары ауыр. Ол отбасындағы жанжалдарға, жұмысынан айырылуға, қаржылық күйреуге әкелуі мүмкін. Кей жағдайда адам психологиялық дағдарысқа түсіп, қоғамнан оқшауланады.

Мамандар лудоманияның емделетінін атап өтеді. Ең бастысы – дер кезінде мамандар көмегіне жүгіну және жақындарының қолдау көрсетуі. Сонымен қатар қоғамда алдын алу шараларын күшейтіп, салауатты өмір салтын насихаттау қажет.

Құмар ойын – уақытша қызығушылық, ал оның салдары өмір бойы өкінішке айналуы мүмкін. Сондықтан әр азамат жауапкершілікті бірінші орынға қойып, саналы таңдау жасауы тиіс.

А.ТҰРАҚБАЕВА,
Ақтау қаласы №2 соты әкімшісінің басшысы

ЭКОНОМИКА

БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ БОЛУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Қазіргі жаһандану дәуірінде мемлекеттердің дамуы олардың жаңғыру қабілетіне тікелей байланысты болып тұр. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бері тұрақты даму жолын таңдап, кезең-кезеңімен модернизация жүргізіп келеді. Яғни, заман талабымен әлем тез өзгеріп жатыр, ал бәсекеге қабілетті болу үшін ел де соған сай бейімделуі тиіс. 2026 жылға дейінгі кезең Қазақстан үшін жаңа мүмкіндіктер мен жаңа жауапкершіліктер кезеңі болып отыр.

Жаңғыру ол қоғамның барлық саласын заманауи талаптарға сай жетілдіру үдерісі. Ол экономикамен ғана шектелмей, білім, ғылым, мәдениет және қоғамдық сананы қамтиды.

Жаңғыру ұлттық құндылықтарға қауіп төндірмей ме? Жок. Керісінше, дұрыс жүргізілген жаңғыру ұлттық болмысты сақтауға мүмкіндік береді. Қазақстан жаңғыруды өз дәстүрі мен мәдениетін сақтай отырып жүзеге асыруды мақсат етеді. Бұл – дәстүр мен жаңашылдықтың үйлесімі. Қазақстан экономикасы ұзақ уақыт бойы шикізаттық бағытта дамыды. Алайда қазіргі кезеңде экономиканы әртараптандыру аса маңызды. Неліктен экономиканы әртараптандыру қажет? Себебі, бір ғана салаға тәуелді экономика тұрақсыз болады. Әлемдік нарықтағы өзгерістер ел экономикасына тікелей әсер етуі мүмкін. Сондықтан өңдеу өнеркәсібін, цифрлық экономиканы және инновациялық технологияларды дамыту – тұрақты дамудың кепілі. 2026 жылға дейін цифрландыру, шағын және орта бизнесті қолдау, инновацияны енгізу экономикалық өсудің негізгі тетіктері болып табылады. Экономикалық даму халықтың өмір сапасын арттырумен тікелей байланысты. Осы тұрғыда білім беру мен денсаулық сақтау салаларына ерекше назар аударылуда. Қазіргі еңбек нарығы жаңа дағдыларды талап етеді. Сыни ойлау, цифрлық сауаттылық, шығармашылық қабілет – заман

талабы. Сондықтан білім беру жүйесін жаңарту – болашақ ұрпақтың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың басты шарты. Денсаулық сақтау саласында да алдын алу шараларын күшейту, медициналық қызметтің сапасын арттыру халықтың өмір сүру ұзақтығына оң әсер етеді. Жаңғыру тек материалдық өзгерістермен шектелмеуі тиіс. Қоғамдық сана да жаңа деңгейге көтерілуі қажет. Бұл – әр азаматтың жауапкершілігін арттыру, білімге ұмтылу, еңбекқор болу және ел болашағына бей-жай қарамау. Рухани жаңғыру қоғамның ішкі бірлігін нығайтып, тұрақты дамуға негіз болады. Ең алдымен – халық. Өйткені экономикалық тұрақтылық, сапалы білім, қолжетімді медицина және рухани дамыған қоғам – әрбір азаматтың өмір сапасын арттырады.

Қазақстан жаңғыру жолында ұлттық құндылықтарын сақтай отырып, заманауи әрі бәсекеге қабілетті мемлекет болуға нық қадам басуда. Бұл үдерістің табысты болуы – мемлекет пен қоғамның ортақ еңбегінің нәтижесі.

Ернұр ОНДАШҰЛЫ,
Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының аға оқытушысы,
Мерей БЕЙСЕТБАЙ,
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің «Құқықтану» мамандығының 4 курс студенті

ҚАҰПСІЗДІК

ЭЛЕКТРОНДЫҚ МӘМІЛЕДЕН БАС ТARTY МҮМКІН ЕМЕС

Цифрлық технологиялар дамыған сайын электрондық мемілер күнделікті өмірімізге берік енді. Онлайн дүкендер, мобильді банкинг, түрлі сервистер арқылы жасалатын келісімдер уақыт үнемдеуге және қызметті қашықтан алуға мүмкіндік береді. Алайда осы қолайлылықтың көлеңкесінде құқықтық тәуекелдер де қатар өсіп келеді.



«КЕЛІСЕМІН» БАТЫРМАСЫНЫҢ САЛДАРЫ

Көп жағдайда азаматтар электрондық мәміле жасағанда шарт талаптарын толық оқымай, «келісемін» деген белгіні баса салады. Бұл – электрондық ортадағы ең жиі кездесетін мәселе. Шын мәнінде, электрондық шарт қағаз жүзіндегі келісіммен бірдей заңды күшке ие. Яғни, пайдаланушы шартты оқымағанымен, оның барлық талаптарын қабылдаған болып есептеледі.

Әсіресе, онлайн несие, жазылу қызметтері және маркетингтік арқылы жасалатын сатып алу-сату мәмілелерінде бұл жағдай даулы мәселелерге жиі әкеліп соғады. Тұтынушы кейін шарт талаптарына келіспегенімен, заң алдында ол өз еркімен келісім берген тұлға ретінде қаралады.

Электрондық цифрлық қолтаңба электрондық мәміленің негізгі кепілі саналады. Алайда киберқылмыс, фишинг, жеке деректердің таралуы электрондық мәмілелердің қауіпсіздігіне күмән тудырады. Біреудің атынан мәміле жасалу қауіп, аккаунттардың бұзылуы – бүгінгі цифрлық қоғамның нақты проблемасы.

Бұл жағдайда азаматтардың ғана емес, цифрлық платформалар мен қызмет көрсетуші ұйымдардың да жауапкершілігі арта түсуі тиіс. Қауіпсіздік талаптары формалды емес, нақты жұмыс істейтін тетікке айналуы қажет.

Гүлзада ШАХАЕВА,
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, құқықтану кафедрасының аға оқытушысы

АЙМАҚ-АҚПАРАТ

Құрылыс нысандары ел игілігіне берілуде

Атырау облыстық Құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Нұрберген Құсайынов өңірде тоқсанға жуық нысанның құрылысы аяқталғанын мәлімдеді. Бұл нысандардың 44-і облыстық басқарманың тапсырысы бойынша, ал 45-і қала және аудан әкімдіктерінің тапсырысы негізінде жүзеге асырылған.

Олардың басым бөлігі білім беру, денсаулық сақтау, тұрғын үй, мәдениет және спорт салаларын қамтиды. Мәселен, жыл ішінде 2700 орындық 3 мектеп, 2 балабақша, 1 оңалту орталығы, 2 дәрігерлік амбулатория, сондай-ақ 9 спорт нысаны іске қосылған. Аймақ басшылығының айтуынша, соңғы жылдары тұрғын үй құрылысы бағытында да үдерістер бар. .

Е.КЕБЕКБАЙ
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

Инклюзивті спорт орталығы ашылды



Қызылордада облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының басқарма төрайымы Ләззат Шыңғысбаевамен бірге Инклюзивті спорт орталығының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Жобаны іске асыруға 2 млрд 900 млн теңге бөлінген. Мұнда спортшыларға арналған волейбол, күрес, жалпы дене дайындығын жасауға арналған залдар қарастырылған. Бір мезетте 131 адамның спортпен жүйелі шұғылдануына мүмкіндік жасалған.

А.МӘУЛЕНБАЙ
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

Әлеуметтің әлеуметтік мәселелері сөз болды

Премьер-Министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның төрағалығымен Ақмола облысының әлеуметтік саласына қатысты мәселелер қаралды.

Ең алдымен, қатысушылар облыстағы білім беру саласын, әсіресе мектепке дейінгі білім беру мәселелерін талқылады. Сонымен қатар, Аида Балаева жұмыс сапары аясында Ақмола облысының Қоғамдық кеңес мүшелерімен кездесу өткізді. Кездесуде халықпен тұрақты байланыс орнату және әлеуметтік қызметтердің сапасына қоғамдық бақылауды күшейту мәселелері жан-жақты талқыланды.

А.ТОҚАНОВ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

Тіл курстары жұмысын бастады

Қарағанды қаласында қазақ және ағылшын тілдері бойынша тегін курстарға қабылдау жарияланды.

Оқуға 19 жастан асқан барлық ниетті азаматтар қатыса алады. Оқу бағдарламасын сәтті аяқтаған тыңдаушыларға сертификат беріледі. Жобаның бастамашысы – Қарағанды облысының тілдерді дамыту басқармасы.

Ш.КӨПРБАЙ
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

Азық-түлік бағасы бақылауда

Облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов Петропавл қаласындағы ірі сауда орындарында азық-түлік бағаларын тексерді. Өңірде бағаның өсуіне жол бермеу мақсатында тұрақтандыру қоры жұмыс істейді.

«Облыста әлеуметтік маңызы бар азық-түлікке сауда үстемесі 15%-дан аспайды. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізімі 19-дан 31 атауға дейін кеңейтілді. Бұл халықты қолжетімді бағада түрлі өніммен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Барлық азық-түлік 32 сауда нүктесінде, оның ішінде Петропавл мен Бескөлдегі 8 тұрақтандыру қорында сатылады. Бағаның өсуіне жол бермеуді арнайы мониторингтік топ қадағалайды», – деді өңір басшысы.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ
СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Барлық қызметтер күшейтілген режимде жұмыс істеуде

Облыс әкімі Асайын Байханов салалық басқармалар мен қала, аудан әкімдеріне ауа райының суытуына орай дайындықты қамтамасыз етуді тапсырды.

Бірінші кезекте автокөлік жолдарын уақытылы тазалау мен күтіп-ұстауды ұйымдастыру, сондай-ақ жылыту пункттерінің дайындығын тексеру қажет. Коммуналдық қызметтер тәулік бойғы кезекшілікке көшіріледі. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына барлық тіршілікті қамтамасыз ету нысандарының үздіксіз жұмысын қамтамасыз етіп, жағдайды тұрақты бақылауда ұстау тапсырылды. Сондай-ақ ауа райы жағдайы тұрақталғанға дейін жаппай мәдени және спорттық іс-шараларды кейінге қалдыру немесе тоқтату және облыс аумағынан тыс жерлерге жолға шығуды шектеу туралы шешім қабылданды.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН
ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

Экологиялық акция жалғасуда

Абай облысында «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға, табиғатқа жанашырлықпен қарау мәдениетін қалыптастыруға және азаматтардың экологиялық жауапкершілігін арттыруға бағытталған жүйелі жұмыстар жалғасуда.

Осы бағдарлама шеңберінде Үржар ауданындағы «Болашақ» саябағында «Табиғатты аялайық» атты экологиялық акция ұйымдастырылды. Іс-шараға 60-қа жуық мектеп оқушысы мен «Тарбағатай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің қызметкерлері қатысты.

Іс-шара барысында саябақ аумағындағы ағаштарға құстарға арналған 12 ұя орнатылып, арнайы жем қойылды.

Т.ИБАШЕВА
АБАЙ ОБЛЫСЫ



Отандық лимонды тұтынар күн жақын

Еңбекшіқазақ ауданына қарасты Ават ауылында лимон ағашын өсіруге арналған заманауи жылыжай кешені жұмысын бастады. Бұл – аудан аумағында алғаш рет қолға алынған жоба. Бір гектар аумаққа салынған кешен алғашқы өнімін екі жылдан кейін береді. Ал толық қуатына шыққан кезде жылдық өнім көлемі бірнеше тоннаға жетуі мүмкін.

Жобаның бастамашысы – кәсіпкер Юрий Паскалов. Ол былтырғы көктемде бір гектар жерге жылыжай салып, 1200 түп лимон көшетін отырғызған. Жобаға шамамен 500 миллион теңгеге жуық жеке қаражат инвестицияланған. Кешеннің заманауи талаптарға сай жыл бойы бірқалыпты температураны ұстап тұруға мүмкіндігі бар.

А.САТЫБАЛДЫ
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

Халық тарықпауы керек

Жетісу облысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасына бақылау күшейді. Әлеуметтік статустағы тауарлар бағасын мемлекеттік бақылау мақсатында Жетісу облысы бойынша делдалдық схемаларды тексеру жөніндегі комиссия жұмыс істейді.

Комиссияның құрамында сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау, мемлекеттік кірістер, экономикалық тергеп-тексеру, статистика, бәсекелестікті қорғау және дамыту департаменттерінің, сондай-ақ кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы басқармаларының, «Жетісу» ӘКК-нің және аудан-қала әкімдіктерінің өкілдері бар. Бұл комиссияның қызметі бағалардың негізсіз өсуіне жол бермеуге және нарықтың ашықтығын арттыруға ықпал етіп, тұтынушылардың мүдделеріне оң әсерін тигізеді.

А.МӘУЛЕНБАЙ
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ



ДЕПУТАТ САУАЛЫ

ТАС ЖОЛДАҒЫ АПАТҚА КІМ ЖАУАПТЫ?

Тас жол қателікті кешірмейді. Бірақ сол қателіктің өтеуін біз алі күнге дейін адам өмірімен төлеп келеміз.

Ресми дерекке сүйенсек, 2025 жылдың қаңтар-тамыз айларында 22 мыңнан аса жол-көлік оқиғасы тіркеліп, 32 мыңнан астам адам зардап шеккен, 1 446 адам қаза тапқан. Соңғы бес жылда жол апатынан 12 мыңнан аса қазақстандық көз жұмды, оның мыңнан астамы – балалар. Бұл – құрғақ статистика емес, бұл – қоғамға қойылған ауыр сұрақ. Осы мәселе жуырда Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ»

фракциясының мүшесі Нартай Сәрсенғалиевтің Премьер-Министрге жолдаған депутаттық сауалының өзегіне айналды.

Ішкі істер министрлігінің ресми мәліметінше, жол апаттарының басым бөлігі жүргізушілердің жылдамдықты асыруы, қарсы бағытқа шығуы және мас күйінде көлік басқаруымен байланысты. Сәрсенғалиев мырзаның айтуынша, айыппұл мен бейнебақы-

лау құралдары жеткілікті. Бірақ жүргізуші тәртібі өзгермейінше, апат саны азаймайды. Сондықтан өрескел ереже бұзған жүргізушілерге қайта емтихан тапсыру, жүргізу құқығын шектеу секілді шараларды күшейту қажет.

Өйткені, жағдай айрықша алаңдатарлық деңгейде. Тек 2024 жылы 12,6 миллион жол ережесін бұзу фактісі тіркелсе, 2025 жылдың тоғыз айында бұл көрсеткіш 9,7 миллионға жеткен. 16 мыңнан аса жүргізуші мас күйінде ұсталған. Бұл – бақылаудан бұрын тәртіптің жүйелі мәселеге айналғанын

көрсетеді.Оның біріншісі жүргізуші куәлігін беруде орын алған заңсыздықтардан көрінеді. ПМ дерегінше, соңғы жылдары жүргізуші куәлігін заңсыз беру фактілері бойынша 222 қылмыстық іс тіркелген. Интернеттегі ашық жарнамалар бұл мәселенің әлі де түбегейлі шешілмегенін аңғартады. Министрлік өкілдері мұндай әрекеттерге қарсы жаза қатаңдатылмаса, жолдағы қауіп сөйілмейтінін ашық айтады.

Екінші мәселе жол сапасына қатысты. Қазақстан жол сапасы бойынша әлемдік рейтингте 90-орында тұр. Бұл көрсеткіш инфрақұрылымға деген талапты қайта қарауды қажет етеді. Расында да «ҚазАвтоЖол»ұлттық компаниясы өкілдерінің айтуынша, жол-көлік оқиғаларының шамамен 30 пайызы жолдың техникалық жағдайына тікелей байланысты. Белгіленбеген жол, өшкен сызық, жарықтандырылмаған учаскелер – апат қаупін бірнеше есе арттырады. «Бүгінде дрон мен

цифрлық мониторинг енгізіліп жатыр. Бірақ басты мәселе – мердігерлердің жауапкершілігі. Арзан жол салу емес, ұзақ мерзімге төзетін, қауіпсіз трасса салу талабы күшеюі тиіс», – дейді олар.

Апаттардың жиілеуінің тағы бір себебі біржолақты трассалар болып отыр. Оларда 2025 жылы адам өліміне әкелген жол апаттары 41,9 пайызға өскен. Өсіресе Атырау, Ақтөбе, Қызылорда облыстарындағы біржолақты трассаларда жағдай күрделі. Көлік саласына жауапты органдар көлік ағыны көп бағыттарды кеңейту – тек жол салу емес, адам өмірін сақтау мәселесі екенін үнемі айтуда. Алайда, бұл мәселе құзырлы орындар құлағына жетер емес.

Нартай Аралбайұлы өз сауалында бұл мәселенің ведомстволық емес, мемлекеттік екенін орынды атап көрсетті.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

ЖАРНАМА

7. «Алматинский областной Иглік Стройпроект» ЖШС (БСН 230740001446) (Алматы облысы, Талғар ауданы, Тұздыбастау ауылы, Алпамыс Батыр көшесі, 55-үй) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Тұрғыт Озал көшесі, 194-үй, 83-пәтер, тел. 8 771 765 8311.

8. «INVITA MEDICAL KAZAKHSTAN» ЖШС (БСН 220340015668) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Нұра ауданы, Қайым Мұхамедхан көшесі, 15-үй, 121-пәтер, тел. 8 747 470 15 01.

9. «Z sake» ЖШС (БСН 210140021742) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 060000, Атырау облысы, Атырау қаласы, Қайыршақты ауылдық округі, Бесікті ауылы, Абдир Егизбаев көшесі, 46-үй.

10. «Қызылдіхан 1» ЖШС (БСН 980640015160) (Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Қызылдіхан ауылы) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Қызылдіхан ауылы, Орталық №1. Тел. 8 706 635 14 63.

13. «Образовательный Центр СаБи» ЖШС (БСН 211040030225) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Атырау облысы, Атырау қаласы, Махамбет Өтемісұлы көшесі, 109-үй, 42-пәтер.

14. «№5 бастауыш мектеп» КММ-сі (БСН 991040003467) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе ауылы, Қосбұлақ ықшам ауданы, 33/2-ғимарат, тел. 8/72931/50-5-27, +7 775 421 8655.

16. «ИТ-СервисПлюс» ЖШС (БСН 201040018006), өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ШҚО, Глубоковский ауданы, Глубокое кент і, Берестова көшесі, 50-үй, тел. 8 778 100 29 66.

17. «Бурундайские стеновые материалы» ЖШС (БСН 040440030032) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы облысы, Іле ауданы, Боралдай ауылы, Аэродромный көшесі, 1А-үй, тел. 87779698810.

18. «Phoenix Pro» ЖШС (БСН 220340041706) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 050023, Алматы қаласы, Нұр Алатау шағын ауданы, Жолбарыс көшесі, 2-үй, тел. 8 771 709 77 09.

19. «a-power.kz» (a-пауэр.кз) ЖШС (БСН 170440022583) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Н.Назарбаев даңғылы, 120-үй, 16-пәтер, тел. +7 701 524 51 45.

24. «ЫНТЫМАҚ-ОЛЖАС» ЖШС (БСН 250640020393) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы, Жиенқұм ауылы, Жантақ Төбе көшесі, 37-үй, индекс 160213.

25. ЖК «Хонисбай Кенжетал» (ЖСН 800117399072) өзінің таратылуын хабарлайды. Талап шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Тоғызқұдық ауылдық округі,Тәуелсіздік көшесі, 32 үй.

26. «abdunaim» ЖШС (БСН 170840015614) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Аламалы ауданы, Жамбыл, 97/57 үй, 13-пәтер. Тел. +77760052712.

ӘРТҮРЛІ

11. «Ломбард-Прогресс 2012» ЖШС (БСН 120740010234) жарғылық капиталдың 50 000 000 (елу миллион) теңгеге дейін азайтылғаны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы ауданы, Ержанов көшесі, 3-үй, 2-н.п. Тел. 8 705 322 23 13.

12. Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 29 желтоқсандағы ұйғарымымен «Соляная компания Асыл Туз» ЖШС-не (БСН 060840011748) қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Барлық мәселелер бойынша +7 700 439 5759 телефон нөміріне хабарласуға болады.

15. «ИТ-СервисПлюс» ЖШС (БСН 201040018006), «MAULEN-KZ» ЖШС-не (БСН 111240004163), қосылу жолымен қайта ұйымдастырылғанын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ШҚО, Глубоковский ауданы, Глубокое кент і, Берестова көшесі, 50-үй, тел. 8 778 100 29 66.

20. Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2026 жылғы 5 қаңтардағы ұйғарымымен «Қарағалдыэнерго саласы» ЖШС-не (БСН 040140002978) қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы іс бойынша іс жүргізу қозғалды. Орналақан мекенжайы: Қарағанды қаласы, Мұқанов көшесі, 59-қрылыс. Уақытша өкімші К.А. Сахова кредиторлардың талаптарын 2026 жылғы 6 қаңтардан 6 ақпанға дейін қабылдайды. Мекенжайы: Қарағанды қаласы, Ермеков көшесі, 58/3, 104-кеңсе. Тел.: +7 747 839 84 08, пошта: sakhova-k88@mail.ru.

21. «Цифрал СЦ» ЖШС (БСН 110540001632) «Цифрал ЦТО» ЖШС-не (БСН 110540016729) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Ақтөбе қаласы, М. Оспанов көшесі, 52/1. Тел. 8 701 221 51 88.

22. «Цифрал ЦТО» ЖШС (БСН 110540016729) өзіне «Цифрал СЦ» ЖШС (БСН 110540001632) қосылуы жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Ақтөбе қаласы, М. Оспанов көшесі, 52/1. Тел. 8 701 221 51 88.

23. Егіндікөл ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 27 мамырдағы №а-5/87 «Егіндікөл ауданы Спиридоновка ауылы әкімінің аппараты» ММ (БСН 021240003245) «Егіндікөл ауданы Спиридоновка ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ құру жолымен өзінің қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақмола облысы, Егіндікөл ауданы, Спиридоновка ауылы, Горький көшесі, 3.

МҰРАГЕРЛІК

27. 2025 жылдың 21 қазанында қайтыс болған азаматша Зекенова Айнагуль Нуреденовнаның артынан Атырау нотариалдық аймағының нотариусы Камзалиева Роза Тлеккабылқызына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мұраны қабылдау үшін төмендегі мекенжайға хабарласулары сұралады: Атырау қаласы, Мұса Баймұханов көшесі, 41А үй, тұрғын емес бөлме 16, тел. 8(701) 222 7274.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media pagekz»ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99, г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What’s app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TTrade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ.,Е. Өуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77. Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а,Молодежный 3-үй,1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби,119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажимаева, Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а,ЖҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

(Жалғасы. Басы алдыңғы сандарда)

Шынымен сол қыздың көз жасы жібермеді ме екен?! Бұл бәрін сол бір көзі соқыр, көңілі суық мұғалімге ерегісіп жасады емес пе, солоқу-тоқусыз ас ішіп, аяқ босатар біреуге қосылды деп ойла-масын деп, каникулға келген студенттің басын айналдырып, көзіне ілмеген сор-лыдан өш алуды ғана ойлаған. Сүйме-геніне қосақталған сол ақымақтығы-ның азабын өмір бойы тартып келді. Қатира он бірінші сыныпта оқып жүр-генде, денешынықтырудан сабақ бе-ретін ұстазына өлердей ғашық болды. Қаншама көз жасының төгілгені өзіне ғана аян. Бұрын денешынықтыру са-бағына бірде қатысып, бірде қатыспай-тын ол белсенді болып алды. Онымен қоймай барлық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарды жеңіп алғаны есін-де. Мектепте сол мұғалімнің төбесі көрінген жаққа аландаумен, күні бойы жүріп алатын. Тіпті бір күні тосып тұрып:

– Осы сіздің қалыңдығыңыз бар ма? – деп сұрақ қойды.

– Досанова, менің қалыңдығым-ның бар-жоғының саған қандай қажеті бар? – деген мұғалім тас-талқан боп ашуланып, – Оқушы-ның ұстазына мұндай сұрақ қоюы орынсыз, – деп қайырып тастаған. Қыз жүгіріп бара жатып, ағыл-тегіл жыласын кеп.

– Досанова, – деген мұғалімнің дауысын естіді де, екі құлағын ко-лымен тарс жауып, бұрылмады.

Көп ұзамай денешынықтыру пәнінің мұғалімі ән-күіден сабақ бе-ретін мұғалімге үйленді. Қатира оған іштей ерегісіп, Мұқанға күйеуге шыға салды. Сөйтіп сүймеген адамға өзі сүйкеніп, күйеуге шыққан Қатира ара-да жиырма жыл өткенде, көресіні сол күйеуінен көрді емес пе? Ойласа, іші шок түскендей өргенеді. Тіпті сүйіп қосылған жарың көзіңе шөп салса, кешіруге болатын шығар. Соқыр тай-лақтай соңына еріп, не айтса соған көне салатын, момақан Мұқанның көңіл-десі барын естігенде, ол қорлықтан жарылып өле жаздады. Өзі де күйеуінің соңғы кезде көңіл-күйінің көтеріліп, жүріс-тұрысының ширақтанып кеткен-дігіне іш тартып, әлденеге сезіктенетін. Сөйтіп жүргенде бір жакын жеңгесі араға шок тастады.

– Тентек қыз-ау, осы Мұқан өзгеріп кетті емес пе? Өткенде ана дүкен-дерінің алдында кездесіп қалдым.

– Ақ жеңеше-ау, не істеп жүрсің? Ағамызды үйді отырғызып қойып, өзің көңіл көтеріп жүрген жоқпысың, – деген бұл да. Онымен қоймай, андайда көзі күлімдеп тұрған аққубаша әдемі келіншекті көрсетті. – Танымалдың ба, баяғы біздің ауылдағы Ажар ғой де-месі бар ма? Сол жерде оның мектепте ғашық болған қызы есіме түсті.

– Ой, көк шұнақ, Ажарды әлі ұмыт-паған екенсің ғой, – деппін сасқа-нымнан. Ол болса арқа-жарқа. – Неге ұмытайын, мен оны сүйетін едім ғой, демесі бар ма? Не дерімді білмей, ер-німді тістедім. Ал анау ашынасы тіпті ешнәрседен қысылатын емес, дүкенге кіріп, қалағанын алып, қағанағы қарық, сағанағы сарық болып жүр.

Төбесіне біреу суық су құйып жі-бергендей болған Қатира аралары ал-шақтап бара жатқан күйеуінің жасырын жүрісінің сырын білсе де, жеңгесіне суық жымыды.

– Мұқанның ондайы жоқ. Оны сүйе-тін болса, сол кезде неге тастап кет-ті? Ер адам болған соң, ескі танысын көріп, дүкенді көрсетіп, мақтанған бо-лар, – деп жабулы қазан жабулы күйін-де қалсын деген сыңай танытты.

Қайнысының жасырын жүрісін аңдамай айтып қойғанына өзін-өзі жер-леп тұрған жеңгесі сол бойы асығыс қоштасты.

Қатира отырған орнынан тапжыл-мады. Табиғатынан жұмсақ мінезді Мұқанды қызметте өсірем, қатарынан кем қылмаймын деп көп жұлқынған пысық әйелдің бар істеген ісі құмға



БАНКИРДІҢ ӨЛІМІ

сінген судай, із-түзсіз жоғалып, соның бәрі күйеуінің бұған деген махабба-тын оята алмағанына пұшайман күй-де. Бір жағынан ішкі дауысы «Сен де оны сүймейсің ғой. Ендеше оған не кінә тағасын. Оны сүйгенінен айырып, біреуден кек алу үшін құрбандыққа шала салған өзің емессің!» деп сы-бырлайды. Сонымен Қатираның азапты күндері басталды. Ол жалғыздықтың зардабын тартып, күндіз-түні күтудің не екендігін білді. Сонда да сыртқа сыр бермей, сырбаз қалыптан аумады. Бірақ іші қазандай қайнады. Мұқан Ажардың ерте қайтыс болған күйеуінен қалған балаларына бар жиған-тергенін тасып, өзі де бар мен жоқтың айналасы болып, анда-санда бір көрінетінді шығарды.

Ажар кенеттен жол апатынан қай-тыс болған соң ғана, Мұқан үйіне оралған. Әйелдің ажалы күнде болып жатқан жол апатына жорылды. Қатира Тұранның стюардессаға үйленуіне үзіл-ді-кесілді қарсы. Ол жалғыз баласының бұрынғы қателігін қайталамай, төр-кін жағы текті қызға үйленуін қалады. Осы арада көрікті қыз-келіншектерге қызықкыш баласының қызметтес ашы-насы менеджермен жақын танысып, оның нағашысының депутат екендігін көңіліне түйіп алды. Тұранға осындай қайын жұртпен жақындасу керек. Ер-тең біз олай-бұлай болсақ, сыйынған-ныңнан сүйенгенің күшті болсын деген заманда, қолтығынан демейтін біреу-дің болғаны дұрыс деп шешіп, күн де-мей, түн демей стюардессадан құтылу-дың амалын іздеген. Бірақ өзі құрған торға өзі түсетінін болжай алмаған еді. Әлде бұл көп асқанға бір тосқын, өзінің зорлық-зомбылығының қарымтасы ма? Қаралы әйел көп күнәсін қалай жау-рын білмегендей, соңғы кезде құдайға құлшылық етіп, бес уақыт намаздан басын алмағанмен, оның бар ойы – өзі себеп болған қылмысты құпия күйінде қалдыру.

Қатеден істелген адасу кешірімді, баламды жезөкше сайқалдардан сактандырам деп, өз отыма өзім күй-дім емес пе?! Ендеше Құдай менің күнәмді кешіруге тиіс деп өзін-өзі ақта-ды. «Бұл қателігің-ақ бола қойсын, ал анау Ажардың ажалы да сенің құрған қақпаныңнан болған жоқ па?» деп ар-жағынан әлдебіреу дауыстайды. «Ол менің некелі күйеуімді тартып алып, күнәға батты. Еш нәрсе сұраусыз емес. Судың да сұрауы бар демей ме, сон-дықтан өз отбасымның бүтіндігі үшін күресуім де кешірімді».

Осылай өз өмірінің ой-шұқырынан

шыға алмаған әйел ешкімді көрмейтін де, естімейтін де күйге түскен. Жалғыз баласы қайтыс болғалы терезе алдын-да қаздыып отырған әйел сұлбасын байқаған көрші-қоландар қаралы үй-ден қорыққандай, анадайдан айналып өтеді. Жалғыздан айырылу оңай ма, есі ауысқанға ұқсайды деген лақап та-рады.

Таспығын санап мүлгіп отырған әйел күтуші қыздың:

– Ханым, егер мен керек болсам, кете берейін, – деген дауысынан көзін ашты. Көгілдір түсті көйлегінің жаға-сы алжапқышының бауының астында қалып, бұйра шаштары қобырап тұрған бойжеткенге бадырайып қараған әйел-дің есіне бір нәрсе түскендей:

– Ажар, – деді.
– Мен Асылмын.
– Ә, солай ма? Мұқан қайда?
– Көкем, бүгін Азаматтың туған күні деген.

– Ол кім? Қыз сәл аузын ашып, қи-пақтады.

Әйелдің дауысы қатқылданып, көзі-нен ашу оты ойнады.
– Кім екенін білмейсің бе?
– Мен сіз біледі ғой деп ем. Кө-кемнің Ажар тәтеден туған баласы емес пе?!

– Им. Солай ма? Қателесесің, бұл дүниеде мен білмейтін нәрселер көп. Мүмкін, сенің айтып тұрғаның да со-ның бірі шығар.

Қыз көзін жшпылықтатты.
– Ол нешеде?
– Онға толды деген.
– Мен мұны неге білмеймін?
– Елдің бәрі біледі ғой. Сізден қо-рыққаннан...

– Мен сонша құбыжықпын ба?
– Жоға, әпке, сіз өте мейірімді, ақылды адамсыз.

Қаралы әйел қыздың сөзін естімеді. Тұла бойын лып еткізген ашу, басына қанын шаптырып, көз алды қараутып, басы айналды. Тек ерні ғана жыбырлап, оның арасынан шыққан дыбыс өзінен әрі аспады.

...Ақылды! Мұндай ақылды болған-ша, ақымақ болғаны артық еді. Ақыл-дан тапқан пайдасы қайсы? О, сұм тағдыр! Қойдан жуас қонырым, ол да мені алдады. Ол да менен тәуір. Баласы бар. Өзі сүйген әйелінен бала сүйді. Ал менің тағдырым ше? Өмір бойы жалғыздықтан жапа шеккен бақытсыз бейшара мен емеспін бе?!

– Мен кеттім. – Қатираның жауа-бын күте-күте тағатысзданған күтуші ол үндемеген соң, рұқсат берген болар деп, тездетіп киініп, сыртқа жөнелді.

– Бәрі жалған, бәрі алдамшы.
Күбірлеген әйел ызылдаған ұялы телефонды самарқау қолына алды. Әр жағынан:
– Апай, мен ғой, Жаңылсынмын. Үйде болсаңыз келуге бола ма?
– Кел!
Әйелдің дауысы салқын шықты.
– Жарты сағаттан соң келемін.

Қатира орнынан тұрып, өзінен басқа қыбырлаған жан қалмаған коттедждің барлық бөлмелерін аралап шықты. Бір кезде көздің жауын алатын қым-бат жиһаздарға қарады. «Ессіз дүние. Тұранның дүниесі. Әдірақалған бөк дүние. Егер мен олай-бұлай боп кет-сем, кімнің қолына көшеді? Мұқанның Ажардан туған баласына ма? Осылай қанша уақыт теңселіп жүргені белгісіз әйел домофонның дауысынан селт етті де:

– Кір, есікті жауып кір! – деп бұй-ырды. Әйелдің суық үнінен селтиіп қалған менеджер, не істерін білмей сос-тиып тұрды. «Не болса да ақылдасуым керек. Мен оның немересін көтеріп жүр

емеспін бе, маған жауыздық жасауға дәті бармас деп ойлады».

– Ұялма кіре бер, үйде ешкім жоқ.
– Ағай бір жаққа кеткен бе?
– Бір тумаларының шаруасымен кеткен. Кел, ас үйге барып, шай ішелік. Күн салқын тоңған боларсың.
– Әуре болып қайтесіз.
– Бір-бірімізге серік болып, шай ішейік дегенім ғой. Асығыс болмасаң.
– Жоға. Бүгін сенбі ғой. Жұмыста болғанмын.

– Ол жақта не жаңалық бар?
– Пәлендей жаңалық жоқ. Тергеу-шілер келіп, үсті-үстіне жауап алуда. Бүгін бастығы келіп, бірталай қажады.
– Солай ма, шай қояйын. Асықпай отырып әңгімелесейік.
– Апa, сіз әуре болмаңыз, шайды мен жасай қояйын.

– Қайтесің біреудің үйінің ыдыс-аяғының қайда тұрғанын таппайсың. Сен түгілі, күтушілерге сеніп кеткен мен әрең үйлестірем. Сонымен не тура-лы сұрады?

– Олардың түрлері жаман. Анау саунаның күзетшісіне шығып, сол күні менің барғанымды біліп қойған. Тұран ұйықтататын дәріні шамадан тыс ішкендіктен қайтыс болған деген түйінге тірелген тәрізді. Сол себепті, егер бұдан әрі жауапқа алатын болса, не деуім керек, сізбен ақылдасқалы келдім.

Аққұманға су еселеп тұрған қара сұр әйелдің қолы дір етті. Су аққұман-ның сыртына төгіліп, газ өшіп қалды. Ол газды жақты да, өзіне тандана және сексене қарап қалған қызға бұрылды:

– Күзетші ұйықтататын дәріні саған кім бергенін біле ме?

– О не дегеніңіз. Оны менен басқа тірі жан білмейді. Мен сіз туралы тіс жарған жоқпын. Олар дәріні қайдан, кімнен алдың деп әзірге сұраған да жоқ. Бұл тек бәленің басы ғана, түптің түбінде сұрайды. Сонда не демекпін?

Шәйнек пен аққұмданы үстел үсті-не әкеп, ақ кестелі сүлгімен жабулы тағам толы дастарқанды ашты.

– Ал, тамақ іш. Саған жақсылап та-мақтану керек. Саспа бір нәрсе ойлап табармыз. Өзі жүкті болғаныңа қанша?
– Екі ай.

Қатираның ішкі дүниесі астаң-кес-тең. Қылмысының жалғыз куәсі ал-дында. Ол ерине, жауап алу тегеуріні-не шыдай алмай, дәріні кім бергенін, стюардессаның көзін құртуды кім ой-лап тапқанын түбінде айтып қояды. Олай болған күнде өз етін өзі жеген құзғын өзі болмақ. Демек, мұның көзін қалайда құрту керек. Уақытты оздыр-май қимылдау керек! Сол стюардессаға арналған назипанды бұған да ішкізе

қойса, оның да көзі жойылады. Сонда бар құпия ашылмай, мәңгі құлыптаулы қалады. Ал бала ше? Ол әлі жан кірме-ген бір тұтам ғана қан. Бұл мерзімде түсік тастатуға болады. Демек, жан кір-меген ұрықтың сауабы болмаса, обалы-на қалатын кез емес. Не болса да, бүгін, осы сәтті пайдаланып, қимылдау керек.

– Сен бүгін асықпай қонып кет. Үйде адам жоқ. Жалғызсырап отырғам. Ертеңге дейін бір амалын табармыз.

– Апa, мен... дей берген қызды қапсыра құшақтаған әйел:

– Асыққан шайтанның ісі. Ертен жауапқа барғанда, сөзіміз бір жерден шықсын десек, мәселені жан-жақты ойластырайық.

Қыз сұп-суық әйелдің қолына қолы тиіп кеткенде, іштей шошынғанмен, амалсыздан басын ізеді.

– Төр үйге барып теледидар қарап, дем ал. Мен ыдыс-аяқты жинастырып болған соң, барамын. Амалсыздан көн-ген менеджердің бір ойы – алды-ар-тына қарамай, далаға қаша жөнелу. Әйтсе де, іштен ашылатын есіктердің барлығы тас жабық екенін ойлағанда, ол өз аяғымен келіп қапасқа камалған-ны мойындады. Мені аямағанмен, баласының ұрығын аяр. Жауыздық жасамас деп өзін-өзі жұбатқан ол төр бөлмеге барып отырды.

Ұялы телефонын алып, күйеуінің нөмірін терген Қатира:

– Бүгін үйге келмей-ақ қой. Мен бейіттің басына барып, шырақшының қасында қонам. Баламды сағынып жүр-мін. Құран бағыштаймын, – деді де әр жағындағының жауабын күтпестен, кнопканы басып жіберді. Күтуші әйел мен аспазшы қызға да телефон соғып, оларға да ертең демалыс беретінін айт-ты.

Бұдан бірер жыл бұрын жеке үйдің бау-бақша учаскесін күтетін орыс жі-гіті берген қорапшаны тыққан қуысты тағы қарады.

– Катя, бұл бау-бақшаның зиянкес-теріне өте пайдалы. Суға қосып сеуіп жіберсең, құрт-құмырсқа жоламайды. Егер дозасы көбейіп кетсе, құрт-құ-мырсқаға да, адамға да қауіпті. Шама-дан тыс етіп пайдаланса, өлтіріп жібе-реді. Сондықтан, адам қолы жетпейтін жерге тығып қой, – деп қайта-қайта ескерткен.

– Өкінішке қарай, адамды өлтіретіні сыннан өтті,– деп күбірледі әйел.

Өз ойын іске асырудың сәті ұйықтар алдында деп түйді де, төр бөлмеге кірді.

– Тонып отырған шопысың? – деп түбіті бұрқыраған шәліні қыздың иығына жапты. – Біз жас кезімізде тоңуды білмейтінбіз. Қыстың қақаған аяздарында бір қапрон қалготкімен жүретінбіз. Сол есуастығымынан болар, бір баладан кейін байланып қалғаным. Үш-төртеу болса, бұлай қайғырмаған да болар едім. Тұранымның жолы бір бөлек, бір жарық жұлдыз еді ғой. Неше ағайындысың?

– Екі ағам бар. Үшеуіміз.
– Қыздан жалғыз екенсің ғой.
– Иә, анам жалғызым деп еркеле-теді. Қыз қолындағы «Бурда» сән жор-налын үстел үстіне тастады да:

– Апай, айып етпеңіз, мен үйге қайтайын. Үйге бүгін соғам деп уәде берген едім. Сізбен тек ақылдасып шыққым келген.

– Қайда асығасың, бүгін қонып кет. Таңертенгісін такси шақыртып, апарып тастатам. Сен менің келінім емеспісің? Тұран екеуінді мешітке апарып, неке суын ішкізгенім есінде ме? Балам-нан айырылып, қайғыдан қан жұтып отырғанымда, басымды сүйеп, қам көңілімді жұбатуға жарамағаныңа рен-жимін.

– Өзіңіз жағдайды білесіз. Оның заңды әйелі болды. Мен жұрттан ұял-дым.

– Бүгін жұрт жоқ. Асықпа, алда қалай өмір сүреміз. Баланы қайтеміз? Сол туралы сөйлесейік. Тамақ салып қой-дым.

Зияш ТЕЛЕУОВА
(Жалғасы бар)

ЗАҢ
газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Астана
Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы
Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы
Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы
Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы
Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы
Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы
Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шадирах Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Қазақстан облысы
Нұрлыбек Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-йй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6545 дана
Апталық таралым 13090 дана
Тапсырыс №6 Индекс 65921
Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zangmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпо-рация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31